



Самат  
ФАБДУЛЛИН


# АШЫЛГАНДА ЖЫР-САНДЫҚ...





**Самат  
ФАБДУЛЛИН**

**АШЫЛГАНДА  
ЖЫР-САНДЫҚ...**



г. Петропавловск  
2013

**УДК 821 (574)  
ББК 84 (5Каз-Рус) 7-5  
F 87**

F 87 **Ашылғанда жыр-сандық...** / Фабдуллин С.К. -  
г. Петропавловск: Издательство «Северный Казах-  
стан», 2013 - 196 б.

**ISBN 978-601-7247-38-6**

**УДК 821 (574)  
ББК 84 (5Каз-Рус) 7-5**

**ISBN 978-601-7247-38-6**

© Фабдуллин С.К., 2013  
© Издательство «Северный Казахстан», 2013

## ЖЫРЛАРЫ ЖАН СЫРЫНА ҚАҢЫҚТЫРҒАН

Қолыма жақсы тілеулес дос, бұдан қырық жылдан аса уақыт бұрын, қырдың қырмызы гүліндегі жап-жас шағымызда жолымыз әсем Алматыда түйіскен Самат Фабдулиннің қолжазба жырлары тоғысқан қалың дәптері тиді. Түйдегі күрдас, әрі көніліміз кіршіккіз дос болғасын ба, Саматты ерекше қадірлеймін де.

Таңдауы ауыл шаруашылығы болған ол осы мамандықтың тұтқасын ұстады.

Бойындағы қасиет-сипатын айтар болсам, нағыз қазаки мінезден, ұлттық болмыстан та-мыр тартып тұратын кішіпейілділікпен жа-ныңды баурайтын. Мен әдебиетшімін. Ақын-дық туа бітті қасиетім іспетті. Ал Самат ауыл шаруашылығы мамандығын алып шықса, мен ұлттық университетті тәмамдадым.

Кейін де кездесіп, сырласып жүрсек те, мен Саматтың жырға құмарлығын анғара қоймап-пын. Рас, ол жақсы домбырашы еді. Әсіресе, күй орындағанда дөлебенді қоздырып жіберетін өнеріне тәнті болатынмын. Көп жалын-дыра қоймай, бас қосылған ойын-сауықтарда домбыраның құлағында ойнап, айзыңды қандыратын өнерге жетік.

Ал мына жырларын оқи отырып, ойланып қалдым. Оның мәнісі: Саматтың жаңа та-нылған ақындық қыры.

Өлең – сезімнің көрінісі. Ол жүректің жайнақ тұрған гүлі іспетті. Осы сезімді көркем сөзбен, кестелі тілмен кескіндей алған адамды ақын деп айдар тағуға хақылымыз. Тіл кестесі, ой-сезім кестесі өзара өріліп, сырты да, іші де әсем болмайынша, оны «Өлең!» деп, жырды жазған адамды «Ақын!» деп айта алмайсын.

Саматты өзім зер сала оқып шыққан өлеңдерінде ой-сезімнің кестесі тіл кестесімен түрлене тоғысып, араларына жік түспейтіндей тұтас өріліп, әдемі дұниеге айналып кететін-діктен, риза болдым.

Тақырыптары кен:махабbat, жастықтың албырттығы, достық, адамгершілік, ата-анаға, дос-бауырға, үлкенге ілтипат, парасат пен қазаки ізгілік. Достың шымшыма өзіл-қалжыны, қатар құрбының уытсыз өткір базынасы. Осылардың бәрі Самат өлеңдерінің арқауы екен.

Бір айрықша атап айтارым, оның өлеңдерінің өзіндік бір сипаты. Бір қарағанда оқуға ауыр көрінетіндей күйде болуың мүмкін. Бірақ бұл алдамшы, үстірт ой екеніне жырлардың мазмұнына, әсіресе ішкі өріліміне бойлай түскенде көзің жетеді. Көпті оқыған, көпті көрген ақын ретінде айтсам, Саматта өзіндік стиль, былайша айтқанда, сара жол барын аңғардым әрі соған риза болдым. Осыдан барап түйген ойым-оған «Былайша жаз!, «Былай өзгерт!» деп ақыл -кеңес беру яки жөн сілтөу артық және өте қисынсыз. Мүмкін, асқан бір жылтырағы жок та шығар. Бірақ өлеңнің жыл-

тырағаны жанды баурамайды, бойды жылтыпайды ғой. Қысқасы, Саматтың өлеңдері орнықты, артық қол сұғуды, қалам тигізуді қаламайды да, оған жол бермейді де.

Бұл орайда оның ізденісінің мол жазу мәнеріне машиғы көп екенін таныдым. Осыдан соң жанартаудың жылдар бойы бұғып жатып алмай, жарқ етіп жарылғанына балап, қуанып та қалдым.

### Мысалы:

Ұқпадың менде қандай жүрек барын,  
Соны ойлап, әсте тынбай қайғырамын.  
Қашанғы құнім тұн боп өтпек мәнін,  
Ойлашы, соны бір сәт, ғашық-жарым!  
*(«Жүрек назы»)*

### Немесе:

Мен үшін ақын болу мақсат емес,  
Жыр жазуға әрқашан шабыт келмес.  
Көкіректі жарып шықпай іңкәр сезім,  
Жоктан барды өлең қылуabyрой бермес...

Осыларды түйіндей келгенде айтарым, Сamatтың өзім оқып, танысқан жырлары жинақ болып шықса, оны дос-жарандарына, ағайын-туғандарына, жалпы жырқұмар оқырманға айтарлықтай тарту деп бағалар едім.

*Зейнолла ЭКІМЖАНОВ,  
Ақын, Қазақстан Жазушылар одагының мүшесі.  
20 сәуір, 2012 жыл, Қызылжар қаласы*

## САМАТ ӨЛЕНДЕРІНЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС

Ер жігіттің бойына дарын жай келмейді, толғағы қысқан шабыт іш дүниенді жегідей жеп, желге шыққан желкенді қайықтай өнөр де-ген телегей теңіз айдынына үйіріп алып кетеді. Саматтың елең, жыр, арнауларын оқи отыра, сол теңізге Самат та қайығын салған екен.

Ең бірінші Саматпен танысуым 1983 жылы, Сергеев қаласында, Мәдениет үйінің жанынан құрылған «Ақбидай» ұлттық ансамблінің құрамында. Сол ансамбльдің белсенді мүшесі, әрі ол кездерде сирек кездесетін қобызшы еді. Қобыздың қай оркестрге болса да өзінше әсер беретіндігі айдан анық. Самат сол қобыздың қоныр үнімен бүкіл ансамбльдің көркін келтіріп отырды. Қобыз былай қалса, оның қолында қара домбыра көкірегін жарып, күй азынататын. Осындағы табиғи дарын оның ішкі дүниесін кеңейтіп, өмірге деген көзқарасын қиянға көтерді. Кешегі келіскең дүние дүдә-мал қалыпқа түсіп, көңілге кірбің кіргізді. Батыр ма деп жүргенің барап боп шықты, бақыт па дегенің бопса болды, сенген заман сендей қозғалып, болжаусыз болашақ пайда болды. Осының бәрі өнерпаз үшін, өзегінә туған елге деген іңкәр сезімнің отын жаққан азамат үшін, өткінші жауын емес, өңменен өтер қара суықтай боп тиді. Елдегі үлкен саяси құбылыстар, ауылдың алдамшы ахуалы, жанында

жүрген жұрттың жалаң жағдайы, қолаңсыз тұрмыс, жетесіз жігіттер, күбылмалы қыздар – осының бәрі терең толғанысқа әкеліп тіреді. Осындай кезеңде Самат тағы да бір қырынан танылды. Өзін ақын ретінде жана бір сынға салды. Осы жинақтағы өлеңдер сөре-сөреге белініп, сомдап қойғандай. Адамдардың бойындағы жағымсыз қылықтарға деген көзқарас бір үлкен сөре. «Көре алмаушылық, жалқаулық, жәдігөйлік, көрсекзызарлық, мақтаншактық, залымдық, жігерсіздік, білімсіздік, қызғаншактық, бақталастық, сабырсыздық түгелдей жиналғанда бір адамға емес бүкіл үлтқа керегар әсерін тигізіп, дамуды тоқтатастын келенсіз жағдайлар. Самат сабырлы үнмен айғай салып жатқандай.

Махаббат лирикасы, сүйген жарға деген інкәр сезім ерекше бір сөре. Көп болды есігінді қақпағалы, көп болды.. осындай ырғақпен жазылған өлең өте әсерлі ойға шомылдыраады. Жора-жолдастарға арналған арнаулар бір сөре. Одалық түрде жазылған өлеңдер сыйластықты, ерке әзілді, тура мінезді айғактайды.

Өлеңдерді шығару әдісі, желісі, тілі Саматтың өзіне тән деңгейлікпен, қарапайым қара өлең жолдарымен жабдықталған. Откенге өзінше сын айтып, өзіне де, өзгеге де өлеңдерімен сұрақ қояды. Ал, оқырман қауым жүрегімен, тәрбие-тәлімімен жауабын өзі берер.

*Дәстен Баймұқанов  
17 сәуір, 2013 жыл*

## ІНІЛІК НАЗ

Мен саналы ғұмырымды қаржы жүйесіне арнаған адаммын. Жұмыс уақытында көбіне-көп қатаң, банктік тілмен сөйлесіп, ақшаның кіріс-шығысын есептейміз. Бұл жерде ешқандай сезімге, көңіл-күйге орын жок секілді. Алайда «өлеңге әркімнің бар таласы» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, бос уақытымда көркем әдебиетті, әсіресе жыр шумактарын оқығанды ұнатамын.

Жұырда қолыма баспаға дайындалып жатқан Самат ағамыздың «Ашылғанда жыр-сандық..» атты кітабының қолжазбасы тиді. Мен мектеп табалдырығын аттағанда ол жоғары сынып оқушысы болатын. Үздік оқуымен, өнерге бейімдігімен жастайынан көзге түскен Сәкен барлық музыка аспаптарында ойнайтын. Өнерлі жастармен бірге талай сайыстарға қатысып, жүлделі оралатын. Ол енді аталарымыздан дарыған дарын болуы керек. Фабдолла атамыз домбыраның құлағында ойнаған, өлең шығарған екен. Өнерлілігіне нағашы жүрты да қарап жатпаса керек. Қанмен сіңген қасиет шығар, Сәкенің өзі айтқандай, қандай қызметте болса да қолынан қаламы түспепті. Ол ағаларымның арасында бірінші болып жоғары білім алды. Әскер қатарынан оралған соң ауылдағы агрономдықтан бастаған оның еңбек жолы аудандық, облыстық партия комитеттерінде жалғасты. Еңбегімен елге танымал,

жауапты қызметтер атқарды. Сол ағамыз бұгінгі Пайғамбар жасына жетіп, еңбегінің зейнетін көрмек. Зейнеткерлік заманында да өмір бар деседі зейнет жасындағылар. Ал өмір негізі уақыт болғандықтан, оны тиімді пайдалан, жанұяңа, балаларыңа, ңемере-шеберелеріңе арна, туған-туысқандарыңды үмитпа.

Мен бұгін ағамыздың кітабы хақында оқырманы ретінде аз-мұз өз пікірімді білдіргім келеді. Кітаптың алғашқы бөлімі «Адамгершілік постулаттары» деп аталады. Мен білетін Сәкен адамгершілік, адалдық қасиеттерді ту етіп үстайтын азаматтардың қатарынан табылады. Сондықтан ол көреалмаушылық, жалғаулық, мақтаншақтық, залымдық, жігерсіздік, бақталастық және басқа да бәзбіреулердің қанға сіңген қасіретін әшкөрелейді, оларды сын садағына алады, жалғандықтан жиіркенуге үндейді. «Осы міннен түзеліп, Күн болар ма арылар?!» - деп ой тастайды.

Сәкеңнің бұл кітабының бір ерекшелігі – оның басым бөлігінің махабbat тақырыбына арналуында. Сезімге құрылған бұл жырлардың көркемдік жағына мен баға бере алмаспыш, алайда оның жүректің терең түбінен шымырлап шыққаны ғнді хақ деп есептеймін.

Дегенмен өз-өзіме болам разы,  
Ғашықтықпен шертілсе көніл сазы.  
Оптимистпін, армандаимын, шабыттанам,  
Келеді деп махаббаттың жарқын жазы.

- деп жыр шумағын төгілдірген Сәкең бізге қос жеңгей сыйлаған ағай. Қазір балалары ержетті, немере сүйіп отыр. Кенжесі Ақжол Астана қаласында студент. Ағамыздың махаббаттың от жалынындағы көніл күйін түсіну оның жыр шумақтарының тереңіне үніле білу керек. Оны оқыған адам түсінеп деп ойлаймын.

Арнаулар, құттықтаулар бөлімі де қомақты. Мұнда Сәкең өзінің туған-туысқандарына, достарына, елінә әртүрлі мерейтойлар, айтулы оқиғалар қарсаңда көніл-күйін білдіреді, ыстық сәлемін жеткізеді.

Өмір-көл, тіршілікке арқау болған,  
Құс базары сайран салып, әнге толған.  
Ортасында қос аққу-Қойшаң, Құлпән,  
Батыр жігіт, ару қыздай арман қуған,

- деп әке-шешесінің алтын тойына баласы жырдан шашу шашады. Сәкеңнің балалық кезден бірге өскен достары аз емес, солардың бәрімен араласып тұрады. Бұл екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиет. Кітаптан сол достарының әрқайсысына дерлік құттықтауларды, арнауларды кездестіруге болады.

Біз өнөрлі азamatқа «сегіз қырлы, бір сырлы» деп теңеу айтып жатамыз. Сәкенді де осы санатқа әбден жатқызуға болады. Жоғарыда айтқанымдай, ол кез келген саз аспабында ойнай береді. Оған қоса жанынан ән шығарып айтады. Кез келген отырыстың көркі болып жүре

береді. Экесіне, анасына, ғашығына, туған өлкесіне арналған әндерін біз сүйіп тыңдаймыз.

Тоқ етерін айтар болсам, Сәкеңнің бұл кітабы мениң көңілімнен шықты. Ол ағамызға жақын адамдардың кітап сөресінен өзінің лайықты орнын алатынына күмәнім жок. Ағамыздың өлеңдері адамға шабыт береді, сондықтан мен де оған еліктей отырып:

Пайғамбар жасына бүгін жеттіңіз,  
Елге адал еңбек еттіңіз.

Ағасы бар адамдар қартаймайды,  
Ұрпағыңызбен бақытқа бөлөніңіз.

Оң жағынан туып ылғи алда Айыңыз,  
Өлең сөзден босамасын таңдайыңыз,  
Бәрімізге қуаныш нұрын таратып,  
Тіршілікте жарқырасын маңдайыңыз,

- деген інілік назымды жолдағым келеді Сamat ағама.

*Жомарт Оралұлы Қажырахымов,  
экономика ғылымдарының кандидаты*

## АЛҒЫСӨЗ

Бір ойшылдың айтқанындай өмір сұру деген танапты жайғана кесіп өту емес, ол өте күрдели ұғым, ол құрес. Адам болып жаратылған соң адамзат алдында, ұлт алдында, ата-анаң, бала-шағаң, туыстарың, достарыңың алдында, тіпті қай ортада болсан да «Жауапкершілік» деген адами қасиет өзінді менгеріп алып, дұрыс бағытқа жөн сілтеп отыратын ақылшың екенін мойындастырың. Осы жолда лек-легімен армандарың асып, қабат-қабат қиялдарың тасып, өмір аренасына шыға келесін. Мына жыр шумағы сол арман-қиялдардың шексіз екенін айғақтайтындаі.

Бір киялым – Гималайдың шың биігі,  
Бір қиялым – Тынық мұхит тұңғиғыбы.  
Бір киялым шарлап кетсе Сахараны,  
Бір киялым аралайды Джунглиді.

Армандай білу керек, қиялдай білу керек, бірақ ең бастысы – солардың орындалуына жол таба білу, міне, нағыз бақыт осы!

Әрине, жауапкершілік деген адам басына бір күнде кеңеттен қона салатын құс емес, ол бала кезден көкіректен үялап шыққан балапан тәрізді.

Ес білгенін жақсылыққа, білімге, өнерге құштарлық пайда бола бастайды. Кейінрек, бозбала шаққа жеткенде табиғатқа сүйіспеншілік, махаббат сезіміне бөлешүшілік, тағысын тағы өмірдің барлық құбылыстарына

қызығушылық мазаны билеп алады. Сол бір әсемдіктерді әркім өзінше түсініп, әрқиыл әрекет жасайтыны хақ. Өмірдің талай өткелдерінен өтіп, ақыл толықан уақытта адамдардың қарым-қатынастарына, қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге ой толғау жасағың келіп тұрады. Мен де сол көптің бірі болып, Пайғамбар жасына жеткенде, өмірге деген көзқара-сымды, ой-санамды шамам келгенше өлеңмен өрнектегім келді.

Түсінімің, екінің бірі ақын бола бермейді, ақындыққа беріле де қоймадым. Дегенмен әртүрлі себептермен, кей уақытта шабыттың тұлпарына қонған кездерде, азын-аулак өлеңдер қағазға түсіп қалатын. Сол еңбектерім толғағы жетіп, жарық дүниеге шыққысы келетіндегі сезіндім, сондықтан жыр-сандықтың кілтін ашып жібердім. Оқырманға ұнаса, қуаныштымын, ұнамаса, кешірім сұраймын.

Мен үшін ақын болу мансап емес,  
Жыр жазуға әрқашан шабыт келмес.  
Көкіректі жарып шықпай інкәр сезім,  
Жоқтан барды өлең қылуabyрой бермес.

Шабыттан туары хақ жақсы өлең,  
Одан бетер болу керек білім терең.  
Әр нәрсөні саралай білу керек,  
Бай туынды бола бермес тек үйқаспен.

Білген жөн әлемнің сан құбылысын,  
Әр халықтың өнөрін, салт-тұрмысын.

Данышпандар айтып кеткен аталы сөз  
Арқау болса, өлең болмас қара дүрсін.

Ең бастысы бетке ұстап әдебиетті,  
Абайға салу керек бар ниетті.  
Мағжан, Қасым, Иса, Ілияс, Мұқағали,  
Бұқар жырау, тағы не бір кереметті.

Сонда ғана туады нағыз өлең,  
Баязиев Құрмаш<sup>1</sup> ағам солай деген.  
Қағида<sup>2</sup> тәтеміз де терін төкті,  
Қонарбаев Ермек<sup>3</sup> те жөн сілтеген.

Осындай ұстаздардан дәріс алып,  
Жүрміз ғой «болмасақ та ұқсан бағып».  
Негізгі кәсібіміз болмаса да,  
Анда-санда ән мен жырдың «отын жағып».

Әр жағдайда жазылса да әр жылдары,  
Жатушы еді толтырып суырманы.  
Жарық көрмей қала ма деп ойладым,  
Түкке тұрмас үялшақтық бол құрбаны.

Біреулер мақсат қылар кітап санын,  
Біреулер мақтан етер дүние-малын.  
Қарапайым бір жанмын өнөр қуған,  
Болды ұнаса оқырманға ән-жырларым.

Кейбіреудің намысына кетер тиіп,  
Кейбір адам ынта қояр жаны сүйіп.  
Мен дағы Шал ақынның бір туысы,  
Ізін бассам деп жүремін бәркін киіп.

**АДАМГЕРШЛІК  
ПОСТУЛАТТАРЫ**

## КӨРЕАЛМАУШЫЛЫҚ

Көреалмаушылық бір нәубет,  
Ол бар жерде жоқ сәулет.  
Індеп кірсе бойыңа,  
Үндесе алмас бақ, дәулет.

Біздің үлтқа бұл дағы  
Қанға сіңген қасірет.  
Біреу еңсе көтерсе,  
Жабылып бәрі шөктіред.

Озіміздің қазекен  
Бетке ұстап мансапты,  
Репрессия кезінде  
Ең көп шеккен зардапты.

Екі адам қосылып,  
Үшіншісін зарлатты.  
Болмағанды болды деп,  
Бірін-бірі жалмапты.

Сол бір ғадет әлі бар,  
Нақақтан айып тағылар.  
Жоқ болсаң – бере алмайтын,  
Бар болсаң – көре алмайтын,  
Ағайын да табылар.  
Осы міннен түзеліп,  
Күн болар ма арылар?!

## ЖАЛҚАУЛЫҚ

Бір қасиеті адамның, ол – жалқаулық,  
Кімұлдағың келмейді деңең ауырып.  
Көрінөр бәрі дұрыс секілді бол,  
Албастыдай басады керенаулық.

Көбінегүй бүл қасиет мандайына  
Жазылыпты қазақ деген ағайынға.  
Құдай-ау, бермедің бе басқа ұлтқа,  
Қарамапсың қазактың жағдайына.

Мың өліп, мың тірілген қазақ байғұс,  
Саспайды болса дағы өмір жайсыз.  
Қыс ортасы отынымыз біте қалса,  
Ағашты сүйреп әкеп аралаймыз.

Фадет қой шөп пен сабан жетпейтіні,  
Ондайда қыстың да тез кетпейтіні.  
Айтып-айтпай нә керек, жалқаулардың  
Кейбір төлі «марафоннан» өтпейтіні.

Терезенің алдында да гүл шықпайды,  
Огородтан көресің көп қурайды.  
Коралар да қаңыраған ашық-тесік,  
Ауланы да бір мезет сыпымайды.

## ӨНЕГЕ АЛУ

Еңбекқордың еңбекқоры кәріс дейді,  
Ісіне тиянақты ңеміс дейді.  
Қанша уақыт қатарласып жүрсек дағы,  
Солардан өнеге алу жетіспейді.

Тым болмаса орыс та бола алмаймыз,  
Сөйте тұра мақтанамыз – біз сондаймыз.  
Тауығымыз жұмыртқаласа себеп қылып,  
Бір тілекті мың қайталап той тойлаймыз.

Мейлі ғой шама келсе тойлай берсін,  
Жағдайы нығыз болса ойнай берсін.  
Бірақ та намыстанып бәз біреулер  
Қабат-қабат кредит алса, ол ңе дерсін...

Сондықтан да әрбір ұлттың жақсы жағын  
Дарытсақ қой өнеге ғып бойға бәрін.  
Аршындал алға басқан бұл заманда  
Барлық жұртпен қатар тұрса қазақтарым.

Басқалармен тен тұруға татар жеткен,  
Бұл жөнінде Сұлтанмахмұт айтып кеткен.  
Халқымыздың салт-дәстүрін жоғары ұстап,  
Болайықшы намыс туын желбіреткен.

## ЖӘДІГӨЙЛІК

Жәдігөйлік дағдымыздан қалмай қойды,  
Ала алмадық арылтып тұла бойды.  
Мезгілі жетпеді ме өзгертудің  
Ар-намыс, сана-сезім, ақыл-ойды.

Дұрыс кой қонақжай болғанымыз,  
Бірақ жоқ мал шашпақтан оңғанымыз.  
Бақса халық неге солай сыйламайды,  
Түйсігі жоқ болған ба бәрі доңыз.

Жалғыз орыс отыrsa шүлдірлейміз,  
Соның сөзін мадақтаудан іркілмейміз.  
Фасырлап тұрса дағы біздің жақта,  
Қазақша сөз білмесе бір күлмейміз.

Келеке болып жүрдік бір кездері,  
Акцентпен айтылады деп сөздері.  
Өзбекстан, Грузияға сондайларды  
Жіберсе, көрер едім кім өздері.

Үлтты үшін қаймықпай оттай жанып,  
Өтті өмірден Байтұрсынов, Бекейханов.  
Солардың аруағын қастерлейік,  
Жалтақтаудың тамырына балта шауып.

## КӨРСЕҚЫЗАРЛЫҚ

Бір ауру бар, аты оның көрсекізар,  
Күші сондай, дендең кетсе қамал бұзар.  
Ішкен асың батпайды, шай сіңбейді,  
Тұла бойың бірде ыстық, бірде ызғар.

Қабақ қатып, күндіз күлкі тиылады,  
Маза кетіп, тұнде үйқы бұзылады.  
Қалайша жұрттан қалып қойғанмын деп·  
Көнілің әрнемеге ұрынады.

Бұл ауру тым жүқпалы әйелдерге,  
Ауырады бұл аурумен кейбір ер де.  
Дейді ғой бақсы, балгер емдей алмас,  
Емдей алмас тәжірибелі дәрігер де.

Қозады ауру көршілөрің жиһаз алса,  
Құрбыларың қымбат жүзік, моншақ салса.  
Киім дағы көздің құртын алады еken,  
Басылады қолың жетіп, бағың жанса.

Қандай жақсы осы «дерптен» білім куса,  
Адамдыққа мақсат қойып, белін буса.  
Қандай жақсы өнегелі бола білсен,  
Маған үқса деген жоқ па Жаяу Мұса.

## МАҚТАНШАҚТЫҚ

Мақтаншақтық – біле ме, білмей ме жұрт,  
Екенін ішке кірген жегідей құрт.  
Маңдайға бере қалса бұл ғадетті,  
Абыройың болды дей бер тесік шүрк-шүрк.

Демей ме екен өлімнің аз-ақ алды,  
Көпіріп өзін-өзі мақтағанды.  
Иланса ғашықауыз, небір топас,  
Сәндіремін деп ойлай ма екен барлық жанды?

Түйедей қып түймедей жақсылығын,  
Жарқ етіп бір көріну таппай тыным.  
Артынан ғе боларын ойласашы,  
Байқамайды бықсып жатқан көк түтінін.

Дұрыс қой шындық жаққа бетті бұру,  
Арзан сөз, бөспеліктен аулақ жұру.  
Қолынан келмесе де келеді деп,  
Көвшіліктің алдында мақтан құру.

Айтпай ма екен осындай бір адамзатты,  
Мақтан қағаз, медаль, орден сұрап апты.  
Жалған жолмен алған атақ ғе үшін керек,  
Бағанды береді ғой жұрт әр жақты.

## ЗАЛЫМДЫҚ

Ертегіден білуші ек  
Залымдығын тұлқінің,  
Анды аңға жамандап,  
Таппайтұғын бір тыным.  
Бүкіл хайуан әлемін  
Орға итерген шіркінің.

Заманы сол, орта сол,  
Санасты оның сол болса,  
Кешірген жөн бұл мінін.  
Қыын екен бірақ та  
Жаныңда жүрсे жылмандал  
Екі аяқты сүмдіғың.

Осы күнгі адамдар  
Асып кеткен тұлқіден.  
Біреулердің басына  
Қара түнек күн туса,  
Өте шығар жаныңдан  
Кекесінмен, күлкімен.

Іші толған жауыздық,  
Қарсы келсөң байқаусыз,  
Шайнап тастар сағыз қып.  
Шоқ ала шықса артыңан,  
Нақақтан-нақақ пәле артып,  
Лауларсың болып тамыздық.

Мұндан адам өмірде,  
Обалың бастың арқалап,  
Мұратына жете ме?  
Өзі қазған орына  
Түсемін деп сйлай ма,  
Өмірден жайдақ өте ме?!

## ИДЕАЛ АДАМ

Айналып кетсе болмай ма,  
Ақылы таудай адамнан?!  
Қоғамды алға бастыраар  
Қозғаушы күш бәз заманнан.

Мұндаイラр құштар білімге,  
Сөйлесер көптің тілінде.  
Ізденістен жалықпас,  
Тең қарап әрбір ілімге.

Жай ғана біліп қоймайды,  
Тәжірибеге бойлайды.  
Әр шаруаға епті-ақ,  
Білмейтіні болмайды.

Арқалай білер ел қамын,  
Көтере білер мұн-зарын.  
Қол ұшын берер әркімге,  
Мырзалығы тым қалың.

Өнерден емес бейхабар,  
Әр салаға жол табар.  
Октаэдр теңеуі,  
Идеал адам сол болар.

Атылған оқ айтқаны,  
Сөзінің жоқ қайтқаны.  
Аз айтып семіз шығарар,  
Джентельменнің жайсаны.

## ЖІГЕРСІЗДІК

Жігерсіздік бір жауы адамзаттың,  
Мандайына сор қып берген көп қазақтың.  
Намыс отын жаға алмай ынжық болса,  
Ол адамды құдайдың оғы атсын.

Ондай адам албастының әмірінен  
Шыға алмайды бойлап кетсе кіріп терең.  
Ертелі-кеш Алладан қайыр күтіп,  
Сабырлы болғансиды елең-селең.

Бұл қасиетке душар болсаң бала жастан,  
Бір ісің де көрінбес онға басқан.  
Білімің де, ілімің де іске аспас,  
Жігері жоқ адамнан бақ та қашқан.

Сондықтан білгенінді үқсата біл,  
Мың мәртебе, бола алсаң халқына құл  
Аянба, бар қабілетті ортаға сад  
Сонда ғана жайнайды өмірін гүл

Фараби бола алмассың көпшілікке,  
Дегенмен өзді-өзіңе міндет жүкте.  
Архимедтей іздену әбден қажет,  
Әр нәрседе болады тірек нүктे.

Мақсат қоя білу керек Сәпиевтей,  
Осалдық көрсетпесін сезім титтей.  
Ғылым, қоғам, еңбек, бизнес, спорт, өнер –  
Бетке үста біреуін фавориттей.

## БІР ҚҰРБЫМА

Бір құрбымды көрген сайын ойға қалам,  
Сылдыш-былдыр, мағына жоқ, сөзі жалаң.  
Алдағысы келеді барша жүртты,  
Сенеді деп ойлай ма екен бүкіл ғалам?

Күні-түні андығаны қысыр өсек,  
Маздатады естігендін көсеп-көсеп.  
Төрелердің көзі менен құлағы боп,  
Абырай, атақ алу үшін құрган есеп.

Өсекті елден бұрын ерте білу,  
Түймедейді түйедей ғып арзан күлу.  
Пайдасы тиер жерде арын сатып,  
Бұл жалғанда женіл-желті өмір сұру.

Қайыр сұрап жүргені «бейшара» боп,  
Сыртқы көзге түсем-ау деп ойы да жоқ.  
Сауықсанның құйрығын байлаймын деп  
Әр шаруадан «еңтілікке» дәмесі көп.

Біреудің жақсы ісін иемденіп,  
Өзі атқарған болады кеуделеніп.  
Мойнына түсе қалса ауыртпалық,  
Сытылып шыға келер женілденіп.

Танымайтын ортада болып «жалын»,  
Шашатындай көрінөр дүние-малын.  
Ойлай ма екен сұрқиялыш бір тынарын?  
Сезе ме екен өзін-өзі алдағанын?

Бәрінен де бір қылышы қатты батты,  
«Зиялыш қауым» кітабына өзін сапты.  
Жұрт білмей ме, «жынды суға» тойып алып,  
Ес-түссіз әрбір жерде сұлап жатты.

«Зиялышын» иісі болса, қарсылық жок,  
Өмірбаяны сүйиқтау, тек сөзі көп.  
Наның ғана тауып жүрген мұндай қулар  
Жүрмесін жас буынға өнеге бол.

Зиялыштар халық үшін қызмет еткен,  
Отан үшін өмірін қызып кеткен.  
Менің дағы нағашы атам репрессия  
Күрбаны бол нақақтан ажал өпкен.  
Таң қаламын сол жандардың қатарынан  
Қалайша осындайлар орын тепкен?!

## БІЛІМСІЗДІК

Дей алмаймын мүгедек деп ақсақ жанды,  
Загиптарды көре алмайтын атар таңды.  
Кемтар емес сақау да, санырау да,  
Нағыз кемтар білімсіздік бұл заманғы.

Әйткені ол сатып алған ауру текстес,  
Мұндай адам хайуаннан асып кетпес.  
Ой қабілетін дұрыс жолға қоя алмаса,  
Шешуіне әр құбылыстың сана жетпес.

Сықақ сөзге әлде нанып жүре ме екен,  
«Екі» алғандар екі үйде өмір сүре ме екен?  
Әлде аспанға қолын жайып сұраганға  
Құдірет күш тілектерін бере ме екен?

Бір сөз бар көпшілікті желіктірген –  
«Үштік» алып оқығандар үш Джип мінген.  
Таласым жоқ, мыңнан біреу шығар тегі –  
Бірақ желмен келгені кетер желмен.

«Бес» алғандар белесепетке зәру дейді,  
Баға үшін оқығандар болсын мейлі.  
Шын жақсы оқығандар мықты келер,  
Ойламаймын қындықтан опық жейді.

Мен сенемін, білімді мынды жығар,  
Бұл күнде қазақи біліміміз аздық қылар.  
Жету керек дүниежүзілік дәрежеге,  
Сонда ғана жастарымызға көніл толар.

## ҚЫЗҒАНШАҚТЫҚ

Қызғаншақ болсан, жамиғат,  
Өзіңдең-өзің сорлайсың.  
Душар болсан бұл дертке,  
Айығып кете алмайсың.  
Ес-ақылың бұзылып,  
Жаң-жағыңды жалмайсың.  
Мазаң кетіп түнімен,  
Үйқың қашса қандайсың?  
Бұл мінезді түземей,  
Оңбайсың, қазақ, оңбайсың!

Алystатар бұл қылыш  
Ағайынның арасын.  
Әділдікпен шешкізбес  
Істің ақ пен қарасын.  
Бар болғанды көре алмас  
Қызылкөзді табасың.  
Басына келсе жоқшылық,  
Сарандарға қаласың.  
Көтерейік сондықтан  
Тұстықтың бағасын.

Өзбек-достар жиылып,  
Там соғады досына.  
Грузин-достар бірігіп,  
Досқа әперер машина.  
Қандай жақсы қазақ-дос  
Табыла қалса қасыңда.

Бере алса қол ұшын,  
«Бақ қонды» - де басыңа.  
Басқа ауылдың аты емес,  
Көршінің тайы бәйге алса,  
Жиналайық асыға,  
Той тойлайық шашыла!

## БАҚТАЛАСТЫҚ

Сонау ерте заманнан  
Тақ таласы боп арман,  
Балалары хандардың  
Бір-біріне қол салған.  
Сол биліктің жолында  
Әкесі де боп құрбан,  
Қан төгісken, жан берген  
Өтті-ау дәуір антүрган.

Тақ таласы бірақ та  
Бакталас боп жанғырды,  
Ішке пышақ айналмас  
Бітіспейтін жау кірді.  
Кедей ойы бай болмак,  
Бай Құдайға ұмтылды.  
Осылай әрі жалғасса,  
Не боларын кім білді?

Конаққа барса қазактар  
Конкурсқа келгендей:  
Әр саусақта бір жүзік,  
Жоқтан тауып кигендей;  
Екі-үш моншақ мойында,  
Зәруліктен тигендей;  
Сырға, шолпы құлақта,  
Қос-қосынан білезік –  
Деп ойлады әйелдер,  
Кім бар екен бір мендей?!

Ерлер дағы кем емес:  
Жараса ма, ұнай ма,  
Үтіктей ме, сулай ма,  
Қырыс-тырыс ат-жабу  
Кие салу түк те емес.  
Шүрк-шүрк тесік шалбарға  
Эстетика тең келмес,  
Дұрыс киім кигенге  
Көз тоқтатып, мән бермес.  
Әдептен аспай жүрмей ме  
Бақталасқан «молодец»!

## САБЫРСЫЗДЫҚ

Сабырсыздық ең жаманы мінездердін,  
Құрсауынан босатпас қайғы-шердін.  
Басында дұрыс болып көрінгөмнен  
Кисайған көп шаруасы көсемдердін.

Мысалы Наполеон сондай болған,  
Лениннің де болмады ісі оңған.  
Гитлер мен Хрущевтың бастамасы  
Эфемер өсімдіктең ерте солған.

Мінез-құлқы оқшаулау холериктер  
Сау адамға күйе жағып, пәле жұктегі.  
Мейлі дос, мейлі туыс, кім болса да,  
Қаһарына міне қалса екі бұктегі.

Түк болмаған сияқты ойнаң қағып,  
Шыға келер артынан оттай жанып.  
Айтқан сөздін әсері атылған оқ,  
Не болады жүрек қалса жарапанып?

Кездері көп мұндайлардың шоқ басатын,  
Шалпылдатып жан-жағына су шашатын.  
Алды-артын байқап жүрген қандай жақсы,  
Әрқашанда ардақтал адам атын.

Сабыр түбі сары алтын – дейді қазак,  
Сабыр сақтап жүргенің нәткен ғажап!  
Уа, ағайын, сөзге тоқтап, мән берейік,  
Досқа – күлкі, дұшпанға болмай мазақ.

Не істесең де жеті өлшеп, бір-ақ кескін,  
Құдіретіне бағынайық ақыл-естің.  
Пәле-жала, от пән суды орап өтіп,  
Ауылынан алшактайық «кескілестің».

Сабырлылық – ақылдылық нәтижесі,  
Ол – аксиома, дәлелсіздік ережесі.  
Ақыл – дос, ашу – дүшпан, сондықтан да  
Ұмытылсын сабырсыздық тәжірибесі.

## ТІЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Болғаны ма шетінен қазақ «ләппәй»,  
Тіл дамуы: тым баяу шабан аттай.  
Анығына бойласақ шикілік көп,  
Алдар көсе жазып кеткен ақпараттай.

Әрине біраз жұмыс атқарылды,  
Түзеудеміз орын алған талай сынды.  
Дегенмен жалтақ қымыл әлде де көп,  
Бізден басқа кім қастерлер ана тілді?

Заманың ағымы сол – білу керек.  
Шамаң келсе полиглот бол журу керек.  
Бірақ та қанша тілді меңгерсөң де,  
Ана тілің ең биіктегі тұру керек.

Қанша жыл қоян-қолтық тұрса дағы,  
Өзге ұлтпен ашылмай түр тілдің бағы.  
Қымыз – «кумыс», күміс те «кумыс» болып,  
Талай сөздің мән-мағынасын бүрмалады.

Жоқ емес шын ниетпен үйренгендер,  
Жоқ емес қазақшадан жиренгендер.  
Шылдыр-былдыр бір-екі ауыз сөз білгесіп,  
Көп «пысықтың» болғысы бар – Остап Бендер.

Мәртебесін көтеру ана тілдің  
Айту қыын қолынан келер кімнің.  
Балтық, Кавказ, Орта Азияда бұл сүмдүк жоқ,  
Қаңе, қазақ, солардан алған үлгін?

Намыс жоқ деп ойлаймын бұл қазақта,  
Тігер ме еді сау басын мың мазаққа.  
Кеңестік дәуір өткен әлде қашан,  
Енді кімге жалтақтаймыз бейбіт шақта?

Білмесе де орыс тілін сонша жетік,  
Кемпір-шалдар барады қайда кетіп?  
Әке-шеше, олар да шүбар тілді,  
Балаларын қоя берген еркелетіп.

Ана тілі басталады бесік-жырдан,  
Ертегі, аңыз, хисса, жұмбақ, эпостардан.  
Ешқайдан кінә іздеп қажеті жоқ,  
Біз өзіміз өзімізді мәңгүрт қылған.

Тек қазақша сөйлессін екі қазақ,  
Елбасының бұл нұсқауы қандай ғажап!  
Көп болып, тізе қосып арылайық,  
Кетсін әрі ғасыр бойы көрген азап.

Үрей бар кейбір қазақ санасында –  
Жалғыз тілмен ғылымға жол табасың ба?  
Он алты академик қазақшамен  
Өсіп, өнген Баянауыл даласында.

Масаттанба! Үйде сөйлей аламыз деп,  
Ана тілмен қайда ғана барамыз деп.  
Тарих, тіл, әдебиет пен мәдениетті  
Білмей жүрсек, дей бергін – санамыз жоқ.

**ЖЫР ЖАРШЫСЫ —  
МАХАББАТ**

\*\*\*

Құрманғазы шертіп өткен «Қызыл қайын»,  
Иса ағайдың жыр-дастаны «Құралайын»,  
Еске аламын Рәзияны<sup>4</sup> көрген шақта –  
Жайықтың «он төргіне толған айын».  
Жұлдызын жарық болсын! – бар тілегім,  
Талабына нұр жаусын! – деп жүремін.

Күлкін наз, жүзіндең сезем жылу,  
Ақыл-ой, сән-салтанат – бәрі сұлу.  
Этика, эстетика бір өзінде,  
Құтты болсын ұраның – Адам болу.  
Қатарыңның алды бол, өнеге бол,  
Сөз жетпейді-ау, айтарым әлде де мол.

Көңілімде бөтен ой жоқ, «шайпау сөз» деп,  
Рәзеке, сөге көрме «қызылкөз» деп.  
Отыз бесте «ақынсымақ» ауру келіп,  
Отырыс қой біздікі қиял мезгеп.  
Сұнқар бол аспандағы шарықтаған,  
Аққуы бол айдын көлдің қалықтаған.

«Сегіз қырлы – мәтел бар – бір-ак сырлы»,  
Сері болсын жігітің Ақан сынды.  
Берекесін арттыра бер отауыңның,  
Ғұмырың ұзақ болсың, болсын құнды.  
Игі тілек – қолымнан келгені осы.  
Осы ғой саған арнар көңіл хоши.

\*\*\*

Көңіл құс шарықтайды шартарапқа,  
Асқар тау, айдын көлдер – бәрі де артта.  
Сонда дағы қонбайды ол үясына,  
Шаршамайды-ау күні-түні қанат қақса.

Самғайды сол бетінде аспанға өрлең,  
Галактика әлемінә құлаш сермел.  
Ай мен күнмен сырласса, Жер-ана да  
Құлімдейтін сияқты «мұнда кел» деп.

Зулайды сол уақытта метөрдай,  
Бет алысы Жер шарында қалың Адай.  
Келді де «дәм жазды ма», кете алмады,  
Қаратөбе шаһарынан сусындамай.

Шалғайда қалды ұя, өз елі де,  
Жатты біраз Қалдыгайты өзенінде.  
Бірақ та аққу емес, тегі сұңқар,  
«Қызыл» түспей кете барды «өзегіне».

Білмепті аққу барын сол мекенде,  
Бола ма өткен іске өкінерге,  
Сұңқарлық қалған бүтін – тағдыры сол,  
Қарғадай міз бақпайды қалт еткенге.

Әйтсе де «Жыртық көңіл, жарым ырыс»  
Өлеңнен өшін алса болар тыныс.  
ЖПМ<sup>5</sup>-да үшінші зал дария болса,  
Ортасында Рәзекен сол аққуымыз.

\*\*\*

Катты зат, плазма, газ және судан,  
Деген бар жаратылыс осылай туған.  
Фалымдар білмес мүмкін, мен айтайын,  
Тағы бір агрегаты Рәзия – қыздан.

Тоғжанды – Абай, Біржан жырлап Үрияны,  
Ақан да еткен Ақтоқты бол жыр-қиялы.  
Сол үшесі қайтіп келсе бұл дүниеге,  
Фашық болып жырлар ма еді Рәзияны?

Гөлөгтар жүр аралап Жердің шарын,  
Кен іздең, таба алмаса, көнілі жарым.  
Білмейді ғой олар да жер үстінде,  
Рәзекендей «самород» алтын барын.

Кей жігітке шаруақор қызы болар жолдас,  
Енді бірі ақылы бар, сұлу болмас.  
Мен ойлаймын сол қыздардың біреуі де,  
Рәзекенің стандартын көтере алмас.

Жаса, Рәзім! Гүлдей жайна кең далама,  
Өнеге бол үлкенге де, жас балаға,  
Дүрай сәлем! Раҳмет айтам ел-жұртыңа,  
Сені әкелген бұл дүниеге – ата-анаңа!

\*\*\*

Үні – наз, мәрмәр мүсін, мінезі – жаз,  
Кенпейіл, кіршігі жоқ аппақ қағаз.  
Жайықтың аңыз болған Жібегінің,  
Бұл күнде Рәзекендей сінлісі аз.

Білемін жақсылықтың шегі барын,  
Қанша кең дегенменен дүние тарын.  
Асыра сілтеп мақтау емес, бұл ақиқат,  
Рәзекенде Жібектен жүққан дарын.

Әйтеуір жарқ етеді көрген шақта:  
Періштенің қызы ма, адамзат па?!  
Әлдебір Төлегенін іздең жүрген,  
Жібек пе деп қаламын біздің жақта.

Жігіттер де баршылық ығай-сығай,  
Сәлем беріп жүргені дүғай-дүғай.  
Жақындасып келе қалса елестейді,  
Аққуға сөз салатын пеликандай.

Кейде бір елестейді «Қораз-бұлбұл»,  
Қатар өсіп түрғандай жусан мән гул.  
А, дүние, жаратпапсың Рәзімге деп,  
Төлегендей ақмандаій бір жақсы ұл

Рәзеке, бұл шумақтар ермек емес,  
Болған соң тұзу ниет келген елес.  
Ақку болсаң, сынарыңа қосылуға,  
Арманыңа жетуге мән тілекtes.

\*\*\*

Шүкіршілік айтамыз Тәнірге біз,  
Жаратқан бұл дүниеге Рәзкендей қыз.  
Қай жігіттің болса да, бағын ашар –  
Жарқырап таң алдында Шолпан – жұлдыз.

Көңіл жүйрік, мен өзім қуанамын,  
Дүниеде осындаі бір адам барын.  
Паш етемін, мактан етем жақсылығын –  
Жақсы адамға арналады ән-жырларым!

Отырғаны монтиып анадайдан,  
Мысқалдай да мін табылmas тұла бойдан,  
Анау-мынау сқұльпторға қолдан келмес,  
Бейнे бір қола мұсін құйып қойған.

Терен ойлы маржан тістен шыққан сөзі,  
Пісіп түрған қарақаттай екі көзі.  
Бұл заманда тұа қалса, Қозы Көрпеш,  
Тені болар Ақбаянның нағыз өзі.

Қоңырқай самал есер күлкісінен,  
Сұхбаттасу бір ғанибет бұл кісімен.  
Екі беті шырайлы, аумай түскен,  
Қырмызы қырдың қызыл тұлкісінен.

Тарқатса шұбатылып қолаң шашы,  
Сәнді мұрын, көркем түскен екі қасы,  
Сүйір иек, үлбіреген еріндері,  
Раушан гүлдің желбіреген үшар басы.

Нәп-нәзік он саусақтан өнөр тамған,  
Өзі дағы тәтті болар шекер- балдан.  
Жайдары, пәк мінезді, қолы ашық,  
Дастарқаны жиналмайды-ау қонақжайдан.

Кездескенде күлім қағып сәлемдесер,  
Сол уақытта дүр сілкініп көнілің өсер.  
Қорғап жүрмің, жердің көркі – сол бір гүлді,  
Жапырып кете ме деп қалың нөсер.

Еңбекқор, ақылы да ұшан теңіз –  
Жүріс – тұрыс сыпайы деп білеміз.  
ЖПМ-ға мың бір рахмет! Мұндай жанмен,  
Енді қайтіп қай уақытта кездесеміз?!

Әлқисса, Рәзім, бәрі шындық мұның,  
Кекіректен жарып шыққан ырзықтығын.  
Түн қазақ қызының жоғары ұстап,  
Жүрген жансың деп ойлаймын - өз пікірім.

Ой келді, мейрамыңмен құттықтауға,  
Тілегім сол – альпинистей өрге заула.  
Қадірлі де сыйлы бол өз ортанды,  
Әрқашан да болғайсың есөн -сауда!

Таныппын мен қатесіз-ақ абзал жанды,  
Түзу жүріп көтермейтін бұлталаңды.  
Тәрбие де алғандаймын бұл кісіден,  
Ұштай түскен сияқтымын жыр қalamды.

Амал қанша, кезі келді қоштасудың,  
Қалған жай бар ортасында от пен судын.  
Көнілім бейжай болып құлазиды –  
Бірде қатты, бірде сұйық, бірде бумын.

Екі жыл өте шыққан дәурен болды,  
Рәзеке, хош аман бол, әкел қолды.  
«Дегеніңе жет» демекпін әрқашанда,  
Берсін саған – деп тілеймін – жеңіл жолды!

\*\*\*

Армысың, асыл туған қарындасым,  
Тұнғиықтан мөлдіреген гауһар тасым.  
Жүрмегейсің, ұмылты деп жаман ағам,  
Менің дағы сағыныштан көнілім алан.  
Өйткені сен көкірегімде дариясың,  
Кандай болдың – бүгін сондай Рәзиясың.

Хабар күттім Қаратөбе шаһарынан,  
Есен-сау ма ел-жұртың, көрші-қолан?  
Дүғай сәлем туған-туыс, достарына,  
Ата-ана, Қаратөбе жастарына.  
Осылай ансауменен өлең құрам,  
Және ойлаймын – қарындасым сөкпес бұған.

Ұзын құлақ естудемін жағдайынды,  
Насихатқа тірепсін майдайынды.  
Жапыра бер, жүріп өткен жердің шебін,  
Сонда ғана аларсың қызмет төрін.  
Сонда ғана портфелиң семіз болар,  
Сен бірақ емессің ғой мансапқұмар.

Әлқисса, баяндаі бер тұрмысынды,  
Алда тұрган жоспарынды, құрлысынды.  
Қашама уақыт өтті, бір күн дағы,  
Жүре алмаушы ем көрмесем гүл - мүсінді.

Тағдыр да тізгін тежеп сонау бастан,  
Еркінен жіберменпті Жер де Аспан.

Шыға алмадым тұтқыннан,  
Домбырадан  
Тебірәңгөн үн шықпады «Кісен ашқан».

Торғайда обкомпартта Ұзакбайым<sup>6</sup>,  
Қапалда зампред РИК Көшкенбайым<sup>7</sup>  
Чкалов ауданында насихатты,  
Басқарып жүр Қинаяттай<sup>8</sup> ағатайын.

Аманғали<sup>9</sup> тобымыздың қол баласы,  
Семейде горрайкомда бөлім басы.  
Нұрбектің<sup>10</sup> күн көрісін Құдай білсін,  
Басқалармен қатынас жоқтың қасы.

Көп шұбыртпай осымен аяқтайын,  
Тауыса алмаспын әйтпесе сөздің майын.  
Дүр сілкінсін саған деген тілектерім,  
Келе жатқан мейрамынмен күттүктаймын!

\*\*\*

Рәзкен, сен сағындырың көзге түспей,  
Өзімді-өзім жеп келемін налып іштей.  
Бойды билеп барады дәрменсіздік,  
Откен күндер бола қалды өн мен түстей.

Көрсемші ашық күндей күлімдеген,  
Келбетінді жайнаған гүлменен тең.  
Інкәр сезім, ғашықтық сөздерімді,  
Кімге, қашан айтамын болмасаң сен.

Наз үнінді телефоннан болса дағы,  
Ести бергім келеді тағы-тағы.  
Еркелеттім деп ойлаймын «жынды» десен,  
Жаман жүрек соған да қуанады.

Саған ұяты келмесін деп өзімді-өзім,  
Тежеп келем сабырлықпен қылып төзім.  
Революция жасап тастау қыны емес,  
Ол үшін маған керек бір-ақ сөзің.

Аңсап жүрем сол сөзінді әрқашанда,  
Жетем саған көзімді байласаң да.  
Тентектікті қоярмын сонда ғана,  
Көкірегімнің төрін сен жайлағанда.

\*\*\*

Рәзкен, мәні кешіре гөр артық кетсем,  
Шығара алмай қойдым ғой сені естен.  
Сенсіз жерде күлкі де, үйкы да жок,  
Көкірегім сағыныштан астан-кестен.

Білмеймін, не болғанын өзім дағы,  
Ұмтыламын жан шуағын іздеп тағы.  
Маған сен көрінесің хор қызындай,  
Сенен мениң күтерім-күн шуағы.

Жүргенде бойдақ болып сол жылдарда  
Дәл былай тұспес едім шырғалаңға.  
О бастан бүйрық маған солай шығар,  
Әлде, тағдыр тірелді ме бүгін таңға.

Әйтеуір, мәз боламын жүргеніңе,  
Езу тартып күлімсіреп күлгеніңе.  
Жас баладай қуанамын көре қалсам,  
Болсыншы деп осы эпизод күнде – күнде.

Шылдырласа телефон дәмеленем,  
Сен соғып-ақ жатқандай болып елең.  
Есікке де әлсін-әлсін қарай берем,  
Жатырмын тірлігімді қылып елең.

Дегенмен өз-өзіме болам разы,  
Ғашықтықпен шертілсе көніл сазы.  
Үміт үзбей, армандаймын, шабыттанам,  
Келеді деп махабаттың жарқын жазы.

\*\*\*

Келсем де біраз жасқа ақыл жетер,  
Көрінеді өткен істің бәрі бекер,  
Өзіңден бір жылы сөз естімін деп,  
Кездерім көп от пен суға түсіп кетер.

Сондықтан да жеңілtek деп сөге көрме,  
Шығармын анық жақсы болсам төрге.  
Өзім дағы көп ойланып, көп толғанам,  
Шылқимын ба деп бекер арам терге.

Бірақ та осы жолы адаспанмын,  
Қашан да бақыт үшін таласқанмын.  
Бас аман, он мән солым тең болса да  
Асыл жар, абзал жанға сондай зармын.

Асылым да, абзалым да сен деп таптым,  
Махаббатым сен болып, отын жақтың.  
Өмірлік серік болсан-мен құлдықпын,  
Бір-бірімізге берекені асыратын.

Тұла бойың алтын болса, шашың – күміс,  
Бриллиант боп жаратылған өңкей ақ тіс.  
Қастарың изумрудтан, көздер-коралл,  
Қос құлақтан жарқырайды янтарыңыз.

Екі бетің гранат, мұрын топаз,  
Мандаі рубин болғанда, иек – алмаз.  
Мойың-сапфир, ақ тамағың александрит,  
Опал тілді сорғанда құмар қанбас.

Малахит қой сәнді мүсін қос анарың,  
Інжудей бұлкілдеген бексе жағың.  
Сол мандайдың падишасы - аметис-тас,  
Стразыдан тізіп қойған саусақтарың.

Өмірде осындай жан болса егер,  
Ақыл-есті тартып алып, ғашық етер.  
Ондай адам бар боп шыкты, ол-сен, жаным,  
Жан айқайы болды ғой саған жетер.

**M. МАҚАТАЕВТЫҢ  
«ФАРИЗА» ӘНІНЕ ПАРОДИЯ**

Рәзия, Рәзияжан, Рәзия қызы,  
Аспанда қол жетпейтін сен бір жұлдыз.  
Алла-жар бір болуға қолдамаса,  
Ғашықтар архивінен табылармыз, табылармыз.

Зымырап уақыт өтіп бара жатыр,  
Қашанғы сен де жалғыз, мен де жалғыз...

Рәзия, Рәзияжан, Рәзия қызы,  
Сен десе тебірендер биік тау-құз.  
Әлемнің төрт бүршынын шарласам да,  
Алмадым кездестіре сендей бал-қызы,  
сендей бал-қызы.

\*\*\*

Мен патша бола қалсам, сен-патшайым,  
Сені көрсем сейілер бүкіл уайым.  
Сеніменен домалар өрге тасым,  
Қол ұстасып өзінменен шаттанайын.

Мен хан болсам, сен боларсың ханзада,  
Жағар едің маған дағы, баршаға.  
Бір құдірет күш баурап алады өзімді,  
Әлде сенің магнитің тарта ма?

Мен Алпамыс бола қалсам, сен – Гүлбаршың,  
Ақын болсам, сарқылмас дария-жырысың.  
Қос өзендей құйылсақшы бір арнаға,  
Сол дарияда толқын беріп өзің тұрғын.

Мен кекорай шалғын болсам, сен бұлақсың,  
Құлагердей су жүйрік шын пырақсың.  
Бір үзіп жесем деңім сауығатын,  
Жеміс-жидек сыңсыған мәуе бақсың.

Мен - Қарағай, сен-сұлу, аппақ қайын,  
Қатар тұрса білдіреді сәннің жайын.  
Тіршіліктің мағынасы осы болар,  
Сондықтан да, Рәзкең, сені көп аңсаймын.

\*\*\*

Қазақта қыздар көп-ақ қараторың,  
Шики сары кездессе, ол бір сорың.  
Аққұбаның ішінде сендей жан жоқ,  
Мен – аэроплан, сен қарсы алар аэродромым.

Қазақта қыздар көп-ақ құлім қаққан,  
Іштерінде арамдық тұнып жатқан.  
Сендей адал, жайдары, көркем жан жоқ,  
Сен вокзалсың, мен поезбын сая тапқан.

Қазақта қыздар көп-ақ араққұмар,  
Шолак ақыл, тоң мінез, дарақылар.  
Сабырлы да сүйкімді бір өзіңсің,  
Сен – портым, кеме болсам көнілім тынар.

Қазақта қыздар көп-ақ ерке, шолжан,  
Ашық-тесік киінген, жүргіс ордан.  
Құралай көз бұраң бел тек өзіңсің,  
Мен – бүркітпін, шың басында үя болсан.

Қазақта қыздар көп-ақ әпербақан,  
Ой-өріс жоқ, бой түзейді қоқаң-қоқаң,  
Мен – арамың, сен омарта болшы жаным,  
Мінезіңнен айналайын моп-момақан.

Қазақта қыздар көп-ақ өсек терген,  
Құлақ түріп бір аумайды флюгерден.  
Сен мұлдем басқа жансың ондайлардан,  
Сен – алтынсың, мен де алтын болғым келген.

Қазақта бар ғой қыздар мақтайтұғын,  
Жақсылықтың жаршысын жактайтұғын.  
Рәзкен, сениң алар орның сол биікте,  
Кындықта мәртебесін сатпайтұғын.

\*\*\*

Неткен сен құдіретсін, Рәзкен-жаным,  
Көрмесем бір сәт сені сағынамын.  
Фаламатсың тойғызбайтын ләzzатыңа,  
Таусылмайтын тәттімсің-шекер-балым.

Сені мен үқсатамын хор қызына,  
Үқсатамын биік таудың шың-құзына.  
Құмартамын бұлағыннан су ішуге,  
Құмартамын аунамаққа көк мұзыңа.

Сені мен үқсатамын тұнық көлге,  
Табиғатқа жан берер небір шөлде.  
Зәмзәм сұы секті суың жұмсақ,  
Жуынсан да, ішсен де шөлдегендे.

Сені мен үқсатамын ну орманға,  
Үқсатамын Естай болып қыз Қорланға.  
Джульетта, Дездемона болсан маған,  
Мен Ромео, Отелламын бұл жалғанда.

Сені мен үқсатамын бәйтерекке,  
Сая болар, пана болар қалың көпке.  
Көлеңкенің нәр алсам, қуат артып,  
Қарсы тұrap едім небір тауқыметке.

Сені мен ұқсатамын ақку құсқа,  
Жалғыз жүзіп келе жатқан үй-тұрмыста.  
Қамқоршың, жанашырың болсам деймін,  
«Ер сонынан; дегім келед-қолымды ұста!»

Әйтеуір ойларым көп астан-кестен,  
Маҳабаттың жолы тар, тайғақ кешкен.  
Сенсен де, сенбесен де айтарым сол –  
Тек өзіңсің осылай ғашық еткен.

\*\*\*

Жаным, саған бас иемін, сен бір көктем,  
Іздегенім өзің едің тілеп көктен.  
Сен жанымда тұрғанда бай боламын,  
Ада болып кетемін кедейліктен.

Сенен шабыт басталады ақындыққа,  
Сенен бастау алады батырлық та.  
Уайым да жоқ, қайғы да жоқ, дәнім сап-сау,  
Ем-дом алып жүргендеймін таңғы шақта.

Сен жанымда тұрғанда мен бір әнші,  
Мылтыққа да құмармын болып аңши.  
Болғым келед шөл-шөлейтке жауын болып,  
Нәр беретін, әр беретін болып тамшы.

Сен жанымда тұрғанда мен –данышпан,  
Менделеев, Ньютондардан бір қалыспан.  
Сенен алған құдірет күш сиқырға сап,  
Қондырады алақанға көп сауысқан.

Етікші де бола алам сен тұрғанда,  
Өрмек те тоқи алам ең құрғанда.  
Аң патшасы арыстандай қаһарланам,  
Маңайыннан жүрмestey fып бір хайуан да.

Альпинистше өрмелейтін шатқалдарға,  
Табаным да күймес тегі вулкандарда.  
Ол аз болса, ғарышкер боп сені бірге  
Ала кетем, бағытымыз – космос-арна.

Жаным, бұл қиял емес, бұл ақиқат,  
Жүрегімнен дүғай сәлем, жүрекке хат.  
Тек қана бар көңілмен қабыл алғын,  
Сенен ғана табамын бір шапағат.

\*\*\*

Жаным, сен – дұрс-дұрс соққан жүргегімсің,  
Сен соқпасаң, тұла бойым болар тылсым.  
Сәл көрмесем жүзінді әлсіреймін,  
Көре қалсам нәр беретін қуатымсын.

Жаным, сен – басым, миым, ой-санамсың,  
Мен үшін тіршілікке жаралғансың.  
Жаныма шуақ берер әрлендіріп,  
Шығысымнан арайланып атқан таңсың.

Жаным, сен – тыныс алар органымсың,  
Микробтарды жолатпайтын қорғанымсың.  
Сен тұрғанда танау, трахей, өкпелерім,  
Мұлтіксіз атқарады әрбір ісін.

Жаным сен – маңдайда қос жанарымсың,  
Алыс жақын бәрін көріп бағарымсың.  
Сен болмасаң көкірек те, көз де соқыр,  
Ондай өмір керек пе, бәрі құрысын.

Жаным, сен – ішек қарын, бауырымсың,  
Бақта – жидек, бақшада – қауынымсың.  
Бүкіл әйел қауымынан таңдал алған,  
Ішіндегі ең артығы, тәуірімсің.

Жаным, сен – белдегі қос бүйрекімсін,  
Көлдің сәні – акқу, қаз үйрекімсін.  
Тоқсан, жұзге келсем де қатар жүріп,  
Дем беретін аураңмен тірегімсін.

Сен менің аяқ-қолым, тұла бойым,  
Сеніменен қайраттансам, сынар шойын.  
Сеніменен жігерленіп өрге тартам,  
Сеніменен таусылмас дархан тойым.

\*\*\*

Көре алмай жарқыраған нұр жүзінді,  
Жайсыз боп тұр өміріме бұл үзінді.  
Қол ұшын беруге де дәрменсізбін,  
Жазым бітпей қарсы алам ба, жан-күзімді?

Көңілім астан-кестен сағыныштан,  
Қайда қалды тәтті күндер алып-ұшқан?  
Жүрек байғұс жылайды, талықсиды,  
Шаншу да мазалайды әрбір тұстан.

Жүргенім жетімдердің күйін кешіп,  
Айдарымнан қашан тұрап самал есіп?  
Сен ғана осындайда демеуші едін,  
Сен болушы ең көңіліме алтын бесік.

Шамалы салқын тиіп қалса керек,  
Салдыр-гүлдір етеді төс, көкірек.  
Көнбейсің бір үшкіріп жіберуге,  
Әлдеқашан емдер едің жүргенше тек.

Сонда дағы кеш емес шығар деймің,  
Күндіз болсын-болмасың, тұн демеймің.  
Бар ықыласым – әйтегір жазылып шығу,  
Тек келбетің көрінсін күлімдейтін.

Сен жаным аман болсаң – мен аманмын,  
Реңіце салқын түссе – мен жаманмын.  
Сен жымисаң – жас балаша қуанамын,  
Күлім қақсаң – төріндемін бұл ғаламнын.

Дегбір қашты сенің бұлай жатқаныңа,  
Кызықпаймын таң арайлап атқанына.  
Мағынасыз талай құндер өтіп жатыр,  
Тек налимын уайым-қайғы батқанына.

\*\*\*

Мен сені «жаным» деймін, «Рәзім» деймін,  
Басқа сөзді білмеймін, сөйлемеймін.  
Өйткені, сен тағдырымсың, бақытымсың,  
Өйткені, сен күнімсің күлімдайтін.

Естен кетпес жарқ еткен сол бір күнің,  
Содан бері сейілді қайғы-мұңым.  
Содан бері қайтадан туғандаймың,  
Сенен ғана сезінем ғашық үнін.

Білмеймін – сиқырсың ба, тәуіпсің бе,  
Білмеймін – алыпсың ба, құдіретсің бе,  
Сен жендің, бар еркімді билеп алдың,  
Өмірімнің өзегі өзіңсің бе?!

Сенімен болған бір сәт ғұмырға тең,  
Көнілім жаз бола қалад, көкірегім кен.  
Сенен ғана нәр алып құлпырамың,  
Ертелі-кеш бір-ақ ой – бірге жүрсем.

\*\*\*

Деген бар фой, той - думан көп Аргентина,  
Ресейде де бір күн бар – «Валентина»  
Қазақта одан да көп тойлар бар фой,  
Бірақ та менің тойым – Рәзім-тина.

Қашан осы той болар деп аңдал жүрем,  
Қашан болар өзгелермен терезем тең,  
Қашан ғана қос аққудай жұп боламыз,  
Қашан ғана қалықтаймыз аспанда кең?

Биік шыңның басынан шақырсан сөн,  
Жетер едім бір аумай альпинистен.  
Я болмаса ну орманның ар жағынан  
Дауысың шықса, жебедей бол зулап өтем.

Дүниенің ең алыбы Ніл – дария,  
Сондай үлкен арнар едім саған ария.  
Сегіз түгіл сексен сегіз қырым болса,  
Көп болмайды құрсақ десен бір жанұя.

Самұрығың болайын алыс үшсан,  
Қажет етсөн, мұз жалатам Эльбрустан  
Арманым сол – саған қамқор бола алсам,  
Ғұмырымда тек сөні сүйіп, құшсам.

Бұл күнде басқа ой жоқ сенең басқа,  
Жұрт тойласа, хақымыз жоқ тойламасқа.  
Менің енді байлығым, барым да сен,  
Сенсіз жерде үқсаймын бір жартасқа.

Аман -сау боп жылда тойла осы күнді,  
Маңайымнан сезе білші ғашық үнді.  
Менің жыртық, алқам-салқам жүрегіме,  
Түйістірші өзіңнің пәк жүрегінді.

\*\*\*

Қын екен зар болған жақындауға,  
Мәз боп қалам бір сәт көрсем қылыш тәуба.  
Өнерім жетпесе де сен жырымсың,  
Мұқағали, Мағжандай сипаттауға.

Мағжан бабам алып тынды Зылиқасын,  
Мұқағали өтті армандал Фаризасын,  
«Болмасаң да үқсан бақ» деген Абай,  
Мен бір бейбақ аңсан жүрген Рәзиясын.

Сен болғанда солардың заманында,  
Поэма боп тұрар ма едің қаламымда.  
Сен бүгінде Зылиқасын, Фаризасын,  
Жырламай мен олардан қаламын ба?

Қалмақ түгіл мен олардан асып түсем,  
Әттең, шіркін, аяқта түр ғой кісеп!  
Не қажеттің бәрін де атқарайын,  
Сен де, жаным, айта көрші «көмектесем».

Көмектесші, қолдың ұшын берші маған,  
Таусылып бара жатыр демім, шамам.  
Пешенеме сормандастық жазылып па,  
Мен де болғым келеді бақытты адам.

Сенің сол бір қызметінді ақтар едім,  
Мейірімінді жүрегімде сақтар едім.  
Сонда ғана мал өсер ед егіз туып,  
Көнілімде өсер еді, байтақ егін.

Бірақ ондай байлықтың керегі же,  
Байлығым сол, сен арқаусың өлеңіме.  
Сенімен қайраттанам, жігерлемем,  
Сенен шабыт табамын өнеріме.

\*\*\*

Адамдар армандаудан тозбайды екен,  
Бірақ та тағдырынан озбайды екен.  
Әйтсе де бақыты үшін күресуге,  
Бір сиқыр күш алға итеріп қозғайды екен.

Бұл күштің аты бар, ол – іңкәр сезім,  
Ешқашанда оны аңсап жетпес төзім.  
Атан өгіз, нар түйе, мейлі трактор,  
Сол күшке тең келмейді, жетті көзім.

Бұл сиқыр күш соғады екен тауға, тасқа,  
Соғады екен келсөң дағы егде жасқа.  
Таудан асып өтерсің, кейде тесіп,  
Шамасы келмегеннің жолы басқа.

Бұл сиқыр күш шығарады мұхиттарға,  
Біреу батып, біреу өтер жүзіп зорға.  
Судан бақыт табам деген талқан қылар,  
Қалып қойса амфибиядай темір торда.

Бұл сиқыр күш ұшырады көк аспанға,  
Ұқсарсың құстан бетер аэропланға.  
Атмосфера қабаттары бөгет болмас,  
Бағың жанса, кездесерсің ғашық жанға.

Бұл сиқыр күш түсіреді жер астына,  
Жарым жүрсе, көмірдің шахтасында.  
Мінекей! Іңкәр сезім деген осы,  
Жүрерсің кездесем деп тым асыға.

Рәзкен, бұл сиқырлы күш – сенің күшін,  
Отқа, суға түсемін бір сен үшін.  
Аяз болсын, тұн болсын жаяу келсем –  
Мойымаймын қындыққа, соны түсін.

\*\*\*

Сені алғаш көрген күнім естен кетпес,  
Хор қызындай тұрдың сен қолым жетпес.  
Сол күннен бастап маған пірім болдың,  
Содан бері жүрмін саған боп тілекtes

Күлімдеген нұр бейнең ток боп соқты,  
Байқамадым жүрегіме түскен шоқты.  
Аузымды ашып, қалшиып тұрып қалдым,  
Көргендей нағыз алтын самородты.

Киялым кетті аралап Иран-бағың,  
Бұлдырап көз алдыма келді сағым,  
Дәл сол жерден бастау алды жаңа өмірім,  
Өзінменен жанатындаи болды бағым.

Сол сәтте сал ауруы болар ма едім,  
Әйтеір сабыр сақтап тұра бердім.  
Бір көргеннен ғашық болу шындық екен,  
Абай сүйгөн болдың маған сен Эйгерім.

Деп қалдым келді мекен Баян сұлу,  
Бір ғанибет ойға келдім жақын тұру.  
Ес кірген соң артынан жетіп бардым,  
Есебім сол тым болмаса атың білу.

Атың да жүргіме жұмсақ тиді,  
Бір әжем болған еді елге сыйлы.  
Одан бетер әсерлендім, қарсы алам деп  
Сендей ғажап Алладан келген сыйды.

Содан бері өтіп жатыр талай күндер,  
Армандаумен үйқы қашқан талай түндер.  
Жаным, саған бас иемін, нәр аламын,  
Мәнгі болса нұрлы сәттер сен күлімдер!

\*\*\*

Бір әйелдер келеді екен «көркі сұлу»,  
Одан бетер өзін-өзі бояш тұру.  
Ергелі-кеш айна алдынан бір кетпейді,  
Мұндайлардан жанұяға болмас жылу.

Бір әйелдер келеді екен «пысықсымақ»,  
Өзінше әуре болар тоқып сырмақ.  
Шаруасының басы бар, аяғы жоқ,  
Пәтуә жоқ, істерінің бәрі құрақ.

Бір әйелдер келеді екен «ерек басты»,  
Жолықты деп ойлай бер бір албасты.  
Опақ-дейді-отырсан, тұрсан-сопақ,  
Айырмайды жақсы-жаман, кәрі-жасты.

Бір әйелдер болады-ау мінез сойқан,  
Өр көкірек, жүріс-тұрыс қойқан-қойқан.  
Білмегенін білем деп дау салады,  
Болса да ойы тәмен, білім ойпан.

Бір әйелдер келеді екен көрсекзызар,  
Жылтырақ көрсе, жетемін деп тұмсық бұзар.  
Ұйқы жоқ, күлкі де жоқ – маза кетсе,  
Салдақы мұндайларға кімдер шыдар?

Бір әйелдер келеді екен айтқыш өсек,  
Сумаңдайды өтірікпен тілді төсеп.  
Бірді бірге жамандап, айдан салар,  
Бықсыған әңгімені от қып көсеп..

Бір әйелдер келеді екен арақ ішкіш,  
Бөсіп алып бал ашады, болжап түскіш.  
Сөйлегені боқауыз, тым дөрекі,  
Сасық келер маңайы, темекі үккіш.

Бір әйелдер келеді екен мансапқұмар,  
Ірілерге жетемін деп жаны тулар.  
Әкесін де жолда жатса аттап өтер,  
Алдау, арбау – бар білгені, өңшең қулар.

Бір әйелдер келеді екен жезөкше боп,  
Нанын сөйтіп тауып жесе, көңілі тоқ.  
Жас кезінде түлкі болып бәрін арбар,  
Есейгенде ешкімге керегі жок.

Бір әйелдер келеді екен ете былқыш,  
Ешнәрсеге қыры жок, тұрган кірпіш.  
Қол қусырып отырады күні бойы,  
Дүниедегі құбылыстар – бәрі бір тұс.

Бір әйелдер келеді екен құлкігө бай,  
Дүние теріс ақса да, көңілі жай.  
Жығылып жатып сүрінгенді сөз қылады,  
Ер жігітке бұл да сор, берсе Құдай.

Бір әйелдер келеді екен үйқыбасар,  
Түсінде мырза болып, байлық шашар.  
Таны түсте атады, түсі кеш боп,  
Бар тамағын ішеле алмай аштан қатар.

\*\*\*

Жаным, Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан,  
Сағат емес минут сайын аңсал тұрам?  
Айқайлағым келеді, барша жұртқа,  
«Көріндер»-деп – «біздерді»-салып ұран.

Жаным, Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан,  
Қашан еркін сеніменен қатар тұрам.  
Саған деген жырларым тау суындай,  
Саған ғана арналады жүректен ән.

Жаным, Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан,  
Қорғанышың болайыншы болып қыран.  
Пасық ойлы адамдардың қоршауына  
Түсे қалсан, құтқарамын, бәрін қырам.

Жаным, Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан,  
Маған үя болсыншы сенің үян.  
Дүние малым садақа бір сен үшін,  
Саған бастар жолында бәрін қиям.

Жаным, Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан,  
Ішімді жеп барады ғашық-жылан.  
Кей кезде өз-өзіме таң қаламын,  
Жарылмай қалай жүрмін жетіп шыдам?!

Жаным Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан  
Сен артықсың небір керемет мисс-арудан.  
Бар болмысың мен үшін жарапғандай,  
Тұла бойың шапағат пен толған нұрдан.

Жаным Рәзім, Рәзкенім, Рәзияжан,  
Күнде қайырым тілеймін атар таңнан.  
Сенен таудай үмітім – арманымсың,  
Сенсіз сүрген өмірім бекер, жалған!

\*\*\*

Фаламат екен ғашық болсан бір адамға,  
Аңсауменен көз ілмейсің атар танға.  
Әрқашанда дайынсың бас июге,  
Көкірек соқыр болады екен басқа жанға.

Фаламат екен бір адамды тым ұнатсан,  
Көз алдында түрады екен жатсан-тұрсан.  
Киялдасан, армандасан сол бір сөтте  
Құлпырып елестейді өмір мың сан.

Фаламат екен бір-ақ адам сұлу болса,  
Сол адаммен, тек сонымен көнілін толса.  
Құлы болып жүрсөң де еш ұтыы жок,  
Өзінді өрге сүйреп бақ бол қонса.

Фаламат екен ақылы болса биік,  
Әрбір сөзі жүрекке жылы тиіп.  
Еркелеткің келеді жас сәбидей,  
Қай жерінен болса да сүйіп-сүйіп.

Фаламат екен болса ол әсем мұсін,  
Эталон бол жаралғандай әлем үшін.  
Қатарласып тұра қалсан аруақ жебеп  
Батыр болғың келеді тасып күшін.

Фаламат екен болса көзі терен сырлы,  
Қарап қалса көкірекке жағар нұрды.  
Шабытқа да міндерсің сол уақытта,  
Ақын да бол кетерсің төгіп жырды.

Фаламат екен мінезі болса жайлау,  
Болмысы сол – сабырлықпен ойын байлау.  
Әр қылышы, әр қимылы құмартады –  
Сыр сандығың шаттанып күнде тойлау

Фаламат екен тиянақты болса істері,  
Таңдану жоқ тұрса ол илеп тері.  
Не істесе де қолынан бәрі келер,  
Құртқадай Тайбурылды баптап тегі.

Фаламат екен кіре қалса саябағы,  
Жеміс-жидек, көкөніс құлпырады.  
Қалайша келіп қалған деп ойлайсын,  
Біздің жаққа Мичуриннің бір үрпағы.

Фаламат екен жинақы үй мұнтаздай,  
Аса көп құмартпайды үй-жиһазға-ай.  
Берекенді арттырады мұндай адам,  
Бірге жүрсең арман бар ма жұбың жазбай.

Фаламат екен ел сыйласа сол бір жанды,  
Дүниеге бір-ақ келер бір туғанды.  
Жер басып жүрген пендे демес болсан,  
Жарқыратар жұлдыз ғой тұнгі аспанды.

Фаламат екен сол бір жан жаз тоңдырса,  
Қар қайнатар қойныңа қыс қондырса.  
Мәңгі бақи садаға боп кетер едім,  
Махабаттың көліне шомылдырса.

Фаламат екен сол жан үшін жүрек соқса,  
Тынысынды кеңейтіп тыныс қосса.  
Сол адаммен мұратыма жетер едім,  
Сол адаммен өмірім өтпес босқа.

Фаламат екен егде жасқа жеткен кездे,  
Жастық шағым қайта айналып келді ләзде.  
Білмеймін: не болғанын, не боларын,  
Алшы, жаным, құшағыңа, «келші тез» де.

\*\*\*

Көп болды, жаным, сені көрмегелі,  
Қалыңдақ көкіректің құмар – шері.  
Озінді бір күн көрмей жүре алмаушы ем,  
Енді міне басып барад қайғы желі.

Көп болды, жаным, сені сағынғалы,  
Ішімде ғашық дерті қабынғалы.  
Жыр жазып өзімді-өзім жұбатамын,  
Шүкіршілік осы амалдың табылғаны.

Көп болды, жаным, сені естімедім,  
Биязы үн талай сенен естігемін.  
Қамалып қапас торға ақ бүркіттей,  
Шыға алмадым еркіндікке, уайым жедім.

Көп болды, жаным, сені құша алмадым,  
Барғым келед, нәл болды мың барғаным.  
Әрқашан құшағымда көрсем деймін.  
Қайтейін тек сен болсаң бар талғамым.

Көп болды, жаным, сені иіскемедім,  
Естірте алмай қойдым жүрек лебін.  
Бір сен үшін машақатқа баар едім,  
Тек сен болсаң арманым да, ақ тілегім.

Көп болды, жаным, сені еркелетпей,  
Жүріп қалдым қашықта амал жетпей.  
Ем қонып, аман-есен келе қалсам,  
Есесін қайтарармың, жүргін сөкпей.

Көп болды, жаным, саған сыр ашпадым,  
Күйіп-жанып өзіңмен сырласпадым.

Аймалап, сүйіп-құшсам орны толар,  
Көңілін мәнде болсын, тек саспағын.

Көп болды, өзіңмен бір отырмадым,  
Жалғыздықпен сырласып отырғаным.  
Бірақ сары уайым серік емес,  
Бір күндей боп ұмытылар талай зарым.

Көп болды қолыннан бір шәй ішпедім,  
Сол уақытта келуші еді рахат тегін.  
Сен жарқылдаپ жылы қабақ танытқанда,  
Зәмзәм сұын ішкендей болушы едім.

Көп болды көздерінді сүймегелі,  
Қолаң шашқа қолымның тимегені.  
Одан әрі еріндерге жолай қалсам,  
Есім шығып кетуші еді болмай шегі.

Көп болды ақ деңенді сипамадым,  
Келеді шашынды да үйпалағым.  
Аңсаумен шаршағаның қын екен,  
Естен кетпейді өзіңмен тәтті шағым.

Көп болды от құшакқа өртенбедім,  
Келеді жас сәбидей еркелегім.  
Бұлақтай бал - ләzzатың мас қылғанда,  
Айықтырып алушы еді ыстық лебін.

Көп болды есігінді қақпағалы,  
Саған деген пәк сезімді сақтағалы.  
Күлімсіреп «жынды» деп қарсы алғаның,  
Саған мәңгі борышыммен акталады.

\*\*\*

Біреулер жұр – махаббат жәй бір талғам дейді,  
Бағын жанса, басқа бақыт қонған дейді.  
Біреулер жұр – Қыз Жібекті жалған дейді.  
Енді бірі сондай аныз болған дейді.  
Кім не десе о десін, бар білгенім –  
Өз Жібегім өз алдында көлбендейді.

Біреулер жұр – Қыз Жібекті ақылды-мыс,  
Аз да болса Төлегенмен құрған тұрмыс.  
Енді бірі теледидар экранынан  
Дейді екен әйелдерге ол символ – жұлдыз.  
Кім не десе о десін, бар білгенім –  
Бір тырнағы Рәзкеннің тұрар мың қыз.

Біреулер жұр – Қыз Жібегің асқан сұлу,  
Біреулер жұр – ондайлардан болмас жылу.  
Кім не десе о десін, бар білгенім –  
Жер шарының ең сұлуы – Рәзкен сұлу.  
Ол сөзіме дәлел болар қафіда бар:  
Нағыз сұлу сұлу емес, сүйгөн сұлу.

Біреулер жұр - Ақбаянды керім мақтап,  
Болғысы кеп Қозы Көрпеш әдеп сақтап.  
Куанамын, жұрттың бәрі үқсап бақса,  
Сол эпосты түгелімен алса жаттап.  
Әйтсе де менің жырым, Рәзкен, сенсін,  
Мен разымын, жүрсөң егер мені жақтап.

Біреулөр жүр – сол Баян батыр болған,  
Әкесінің жауларын тосқан жолдан.  
Бір сөз бар батырлықтан көркі басым,  
Беріпті сұлулықты құдай молдан.  
Кім не десе о десін, бар білгенім –  
Менің Рәзім бұл қасиетті бермес қолдан.

Біреулөр жүр – сол Баянды данышпан деп,  
Қодарды да ақылымен жанышқан деп.  
Кім білсін, бақытына жетер ме еді,  
Бұлдірді ғой Жантық деген сүр жылан кеп.  
Деп ойлаймын Құдай қосар Рәзкеніме,  
Жауы болса, ажал табар қолымнан тек.

Бір сөз бар – ғашық болған адам соқыр,  
Болса да қыз бойында кемдік нәпір.  
Не істесе де қылығының бәрі дұрыс,  
Жаманы жоқ, жақсылығы опыр-топыр.  
Рәзім мәнің ерекше жан өйткені мен  
Фалым болдым махаббаттан лекция оқыр.

Мен бүгін бұл тұрғыдан данышпанмын,  
Бақытымды табамын деп алысқанмын.  
Зая кеткен өмір деп өткенімді,  
Өз-өзімді итше тепкен содыр жанмын.  
Қалған ғұмыр баянды болсыншы деп  
Өзіңмен, Рәзкен, алғаш танысқанмын.

Сол ойым күнін күнге жаңғырады,  
Кездескенде білінеді таң қылаңы.  
Тек сенімен таң атып, күн батса екен,  
Өзің ғана бола аласың жан тұрағы.  
Тек өзіңсің қуанышым, жұбанышым,  
Сенен мөлдір бола алмас тау бұлағы.

Рәзкенім, Рәзім менің, Рәзімжаным,  
Сені көрмей қалай жүрмін, аз шыдамым.  
Әйтеуір сүйретіліп тартып келем  
Өмірдің ең бір ауыр емтиханын.  
Не болса да төземін, бар арманым –  
Өзіңмен бірге көру Иран-бағын.

Мен түсіндім – керек емес еш Жібегің,  
Ұстамаймын Баянның да ақ білегін.  
Сенен басқа арулар ару емес,  
Рәзкен, сен деп соғады тек жүрегім.  
Тек сен ғана маған деп жарапсансың,  
Тек сен ғана, тағы да сен – бар тілегім!

\*\*\*

Қанша теңеу қолдансам да, жаным, саған,  
Әлі дағы сөзім көп айта алмаған.  
Сондықтан да жалғастырам миссиямды  
Көкіректің кілтін ашып жыр сақтағам.

Мен сені «Құдірет» деп түсініемін,  
Бар болмысым сол болды – түсінгендім.  
Қаратөбе мекенінде туып-өскен  
Сен қазақтың бір тумасы – Айша-бегім...

Мен сені үқсатамын одан әрі  
Скарлетке – Ирландияның тәкәппары.  
Құлімдесен қелбетің әсер беріп,  
Табылғандай болады жоқтың бәрі.

Жозефинио боп тұрасын қөз алдымда,  
Сол уақытта дем тығылар жан алқымға.  
Кейде толқып кетемін есенгіреп,  
Кейде келе қаламын қаз қалпыма.

Клеопатро боласың енді бірде,  
Армандаймын қатарласып тұрсаң бірге.  
Сол уақытта алай-дүлей ойға қалам –  
Кімнің бағын ашасың, барып кімге...

Кассандро жарқ етеді кейбір кезде,  
Жаксы адамды көреді-мыс соқыр қөз де.  
Ол анық – сендей жанның кездеспесі,  
Ол анық – көңілім сенен болмас өзге.

Сен артық көрінесің Томиристен,  
Сенен алған ләззатым шығар ма естен.  
Күні-түні арман-қиял арпалысып,  
Ішім толы шайқастармен астан-кестен.

Сен шығыстың кереметі – Курихара,  
Көре алмасам бір азырақ көнілім жара.  
Елең-алаң жүргенім кездесем деп,  
Бір ғана рет іскесуге құшырлана.

Рәзім шыным – жан көрмедім өзің текtes,  
Осылардың бәрін қосса саған жетпес.  
Өзің білші аржағында нә боларын,  
Ақылым жоқ, душар болдым дертке кетпес.

\*\*\*

Рәзкенім, ерші маған ұсынам қол,  
Мен көнемін, тұrsa да бір қыын жол  
Болмасам да ұқсап бағып ұлы Абайға,  
Көрсем деймін – сен маған Тоғжаным бол.

Сен болыпсың іздегенім ойдан-қырдан,  
Жете алмасам өзіңе басым құрбан.  
Сәкендей дауылпазың бола қалсам,  
Қарсы алдыннан шығар ма едің боп  
Гүлбаһрам.

Сен жоқ жерде мәнде жоқ ойнап-күлу,  
Еш адамнан сезінбеймін жанға жылу.  
Сезімтаң, лирик ақын Мағжан болсам,  
Күлімдеп тұrap ма едің Зухра - сұлу.

Сен түрғанда көрмеймін қалың топты,  
Саған дейін гүл деп кеппін арам шөпті.  
Жігіттердің сұлтаны Ақан сері  
Бола қалсам, боласың ба сен Ақтоқты.

Оймен шарлап күні-түні құз-қияны,  
Тапсам керек жанға жылы бір ұяны.  
Біржан сал боп он екі звод шырқағанда  
Елестетіп сен тұрсаң ғой Үрияны.

Сен үшін күш атасы Балуан шолақ,  
Бола қалсам, тұрмас едім бір қалжырап.  
Елу бір пүт көтергендे гірдің тасын,  
Шаттанып тұрсаң деймін Фалия – шырак.

Осылай төге берем жыр бұлағын,  
Дәме зор – болсам деймін Қажымұқаның.  
Дүниені сілкіндіріп тұрған шақта,  
Кебін киіп тұрар ма едің Фатиманың.

Кей кезде болғым келед Естай ақын,  
Сезімімді әнмен, жырмен үқтыратын.  
Сол уақытта сен дағы Қорлан болып,  
Жүргегіме нәр беріп тұрсан жақын.

Сен Сұрша-қызы, мен болсам Жаяу Мұса,  
Бақыт сол ғой – Ай мен Күн қатар туса.  
Нағыз ғашық адамдар арманына  
Жетер-ақ деп ойлаймын талмай қуса.

\*\*\*

Ғашық деген таусылмас бір бұлақ бар,  
Содан бастау алады жыр-шумақтар.  
Жаным, Рәзім, өзінсің салтанатым,  
Саған ғана арналады үшбу хаттар.

Баптап жүру Қобыландының Тайбурылын,  
Құртқасының міндетінде болыпты үғым.  
Сен дағы сүйікті жар болар ма едің,  
Одан әрі дамытар ең сол қылышын.

Эпостан оқып білдік Алпамысты,  
Қалмақтарды жапырған батыр күшті.  
Кездескенде ең алғаш өзінмен  
Сол батырдың Гүлбаршыны еске түсті.

Болған екен сол кезде батыр Қамбар,  
Жолбарысты жайратқан қандай жан бар?  
Назым деген керемет жары бопты,  
Сол Назымнан сен артықсың, биік заңғар.

Тағы да бір батыр болған, ол – Ертарғын,  
Ақжүністей жары бопты жүзі жарқын.  
Сол сылқымдар келе қалса бул заманға,  
Емін-еркін басар ма еді сенің нарқын.

Бір кезде Сейпіл-Мәлік аңыз болған,  
Жамал деген қызыға ғана көнілі толған.  
Маған аңыз, ертегілер керек емес,  
Сен керексін, тайынбаймын ғашық-жолдан.

Шәкәрім де әңгіме қылған Қалқаманды,  
Құмартқан ол Мамырдай асыл жанды,  
Бірі дағы жетпейді-ау, жаным, саған,  
~~Сен~~ ғана күтемін атар таңды.

\*\*\*

Жаным, сен қасиетті домбырамсың,  
Көкірекке талай әүен қондырғансың.  
Қолыма ұстай қалсам күмбірлеп күй,  
Тіл бітіріп, сыр айттысар сүйген жарсың.

Шанағыңнан үн шығарған Тәттімбеттер,  
Құрманғазы, Дәулеткерей, Махамбеттер.  
Сен үшін деп тартқандай домбырасың,  
Діна, Түркеш, Нұрғиса, сол Сейтектер.

Жаным, сен қоныр үнді қыл қобызсың,  
Әлдебір арқыраған нар қобызсың.  
Әлдебір шымырлаған үн беретін,  
Оркестрге әр беретін шаң қобызсың.

Жаным, сен сиқыр үнді саз сырнайсын,  
Қазақи мақамыңнан жаңылмайтын.  
Кей кезде ызыңдаған боран болып,  
Кей кезде нөсерләткен жауындайсың.

Бір аспап бар, аты оның шертер деген,  
Құлағыңның құрышы қанар терең.  
Жаным, бірақ ол маған сендей болмас,  
Сенің берер әсерің одан ерән.

Енді бірде сыйызғыға үқсатамың,  
Сызылтып шырқататын «Гәкку» әнін.  
Сол уақытта тау да, көл де қатар мұлгіп,  
Кейпін көрем тамылжыған сары даланың.

Жаным, сен мың құбылар адырнасын,  
Барқыт үнмен сары қымыз сапырасын.  
Енді бірде Артиканың мұзын ертіп,  
Жер жүзін топан сумен жапырасын.

Сен кейде жан қыдықтар жетігенсін,  
Сен кейде жанға самал желмен тенсін.  
Сен кейде ғашықтықтан ауыртасын,  
Сен кейде өзің шипа, өзің емсін.

Жаным, сен күмбірлөгөн дауылпазсын,  
Рахатымсын, көніліме мәнгі жазсын.  
Сен күмпілдеп тұрғанда оркестрде,  
Берекесін келтірер әсем сазсын.

Жаным, сен біртұтас оркестрсін,  
Нотасыз-ақ бұырқанған қүйсін, жырсын.  
Сен маған әрі солист, дирижерсын,  
Сенсіз жерде өткізген күнім құрсын!

\*\*\*

Жаным, сен сияқтысың апорт алма,  
Бір тістесем өл беретін шаршағанда.  
Мен неге сендей жанды паш етпейін,  
Жақсы қасиет тасып жатса сүйгөн жарда.

Жаным, сені ұқсатамын тәтті алмұртқа,  
Бал жегендей боламын салсам үртқа.  
Мәртебенде асырып, мактан етіп,  
Айқайлағым келеді қалың жұртқа.

Сен мәнің хош иісті жидегімсің,  
Сен соны сеземісің, білемісін?!  
Бір алла – жар қолдасын, қуат берсін,  
Осылай әуре-сарсан құндегі ісім.

Сен мәнің шиемсің мөлдіреген,  
Дәру болар кездерімде шөліркеген.  
Дәмің сенің көкейіме ән құяды,  
Дәмің сенің күй төккізер күмбірлөген.

Сен мәнің самсал тұрған бұлдіргенім,  
Не арман болар еді болсам теңін?  
Сен тұрғанда қарным да, көнілім де ток,  
Маған азық жымиып бір құлгенің.

Мен сенен сездім дәмін қарақаттың,  
Содан бері тұлпар болдым, арғымақпын.  
Жаным-ау, саған ғашық боламын деп,  
Мінекей, кебін кидім жастық шақтың.

Жаным, сен жанға шипа өрігімсің,  
Тілегім сол – мәңгі аузымда дәмін тұрсын.

Тұншыққанша иіскесем тойғызбайтын,  
Сен маған Иран-бакта нәзік гүлсің.

Жаным, сен ханның асы – мейізімсің,  
Дәмін татсам көңілім болар тылсым,  
Күні-түні ойымнан еш кетпейсің,  
Сен маған шаттық берер ғашық – жырсың.

Тандайымнан кетпейді қиви дәмің,  
Жан жадырап, көңіл тасып, нәр аламын.  
Сондай бір ыстық шақтың айғағындай,  
Шабытпенен өзіңе арнап жыр жазамын.

Саған дейін сезбей кеппін банан дәмің,  
Сен сезздірдің жанымның тулағанын.  
Сен мені жаңа өмірге жетеледің,  
Сен маған махабаттың жақтың шамын.

Енді білдім ňе екенін ананастын,  
Тілді үйіріп әкеткенде қатты састым.  
Жаным-ау, саған Әбден разымын ғой,  
Басқым келед әніне «Гауһартастын».

Сен менің сары уыздай апельсинім,  
Өзіңе ғашық болдым, сүйдім-күйдім.  
Кейде ақылсыз, кейде бір данышпанмын,  
Кейде жолын қуамын Фирдоусидін.

Жаным, сен жемісімсің лимон деген,  
Бір түйірінен кетеді балқып деңем.  
Құдайым бар жақсыны берген саған,  
Сенен басқа шапағатты кімнен көрем?

\*\*\*

Жаным, сен он төртінгө толған Айсың,  
Аспанымды жарқыратар ашық райсың.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Жүргегімді күні-түні мазалайсың.

Жаным, сен – Жерге көрші Меркурийсің,  
Көкірегіме әр береді жұпар исің.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Жаныма жылу нәрін берер үйсің.

Жаным, Жерге тағы бір көрші сен – Марссың,  
Жете алмай келемің, әлі алыссың.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Сен мені бағындырған алып күшсің.

Жаным, сен – тан жұлдызы Венерасың,  
Аспанымда жымың қағып құбыласың.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Сен ғана бере аласың Жамбыл жасын.

Жаным, сен – Уран деген планетасың,  
Осылай айтқым келед сөз турасын.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Сен бақыт табады ғаріп басым.

Планетаның енді бірі Нептун деген,  
Одан артық жаратылған сені көрем.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Тек өзіңе жырымды шашып – төгем.

Әрі қарай Плутон деген планета бар,  
Одан бетер сен тұрасың болып заңғар.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Сен тұрғанда жанымда көнілім шалқар.

Кезек енді келеді Юпитерге,  
Сен артықсың, ол жұлдызға жолды берме.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Қатар тұрсан, домалар ед тасым өрге.

Сатурн – планетасың ең алысы,  
Сенен аса алмайды оның мысы.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Неткен ыстық тұсінгенге жардың ісі?!

Мен сені Күнге ғана теңестірем,  
Бұдан былай «сен» деп қана өмір сүрем.  
Дүниеде сенен күшті құдірет жок,  
Өнімде де, түсімде де сені көрем.

Бәрінен де шуакты күлімдеген,  
Бір жұлдыз бар, атын қойдым «Рәзім» деген.  
Дүниеде одан артық құдірет жок,  
Мәз боп жүрем сөйлесіп соныменен.

\*\*\*

Сен жоқ жерде мазам жоқ тыншымаймын,  
Сағыныштан басады қайғы-уайым.  
Сен жоқ жерде аспанымды сүр бұлт торлап,  
Көрінбейді жұлдызым, Күн мен Айым.

Сен жоқ жерде іш те дауыл, сырт та дауыл,  
Кейде боран ішімде, нөсер жауын.  
Сен жоқ жерде арайланып таң да атпайды,  
Келіспейді әйтепе асырауым.

Сен жоқ жерде тау төбедей көрінеді,  
Сол бір кездे іші-бауырым егіледі.  
Сен жоқ жерде жүремін аупай-саупай,  
Жиылмайды шапанымның етек-жені.

Сен жоқ жерде бәйтерегім шыбықтай-ақ,  
Шайшылғандай әрбір жерде бір-бір таяқ.  
Сен жоқ жерде көнілім де бей-жай болып,  
Көрінеді мамонт та тышқандай-ақ.

Сен жоқ жерде мұхитың да шалшықтай-ақ,  
Көрінеді гранит тас та балшықтай-ақ.  
Сен жоқ жерде жігерім де құм болады,  
Әлсіздіктен жүре алмайды батпан аяқ.

Сен жоқ жерде дария ағар жылғадай бол,  
Солып қалған секілді көкорай көк.  
Сен жоқ жерде ішкең-жеген ас болмайды,  
Қазы-қартан болар дәмсіз қофадай бол.

Сен жоқ жерде тұлпарым да есектейін,  
Жақын жерге жете алмаймын кешке дейін  
Сен жоқ жерде тұла бойым қалтырайды,  
Алға бастым деген қадам кетер кейін.

Сен жоқ жерде Лимузин да Запорождай,  
Әлек-шәлек боламын мотор қызбай.  
Сен жоқ жерде тынысым да тарылады,  
Күйге түсем зындандағы Алпамыстай.

Сен жоқ жерде қайығым да бүтін емес,  
Ескегім де қиқы-шойқы, ескеқ емес.  
Сен жоқ жерде жүйкем де сырқырайды,  
Күні-түні астан-kestен, қырық төбелес.

Сен жоқ жерде бүркітім де аң алмайды,  
Бұлбұлым да сақауланып, ән салмайды.  
Сен жоқ жерде көзім де бұлдыр қағып,  
Біле алмайды болып жатқан хабаржайды.

Сен жоқ жерде егінім көктемейді,  
Атан түйем тұра алмайды шөккен кейіпі.  
Сен жоқ жерде құлақтарым таскерен боп,  
Жан ұшырап қатты айқайды естімейді.

Сен жоқ жерде еккен гүлім бір арамшөп,  
Жайқалып бір тұрмайды-ау көнілге сеп.  
Сен жоқ жерде жамбас та сырқырайды,  
Тақтайдай боп көрінеді мамық төсек.

Сен жоқ жерде шөл көрінег кең жайлауым,  
Аштан қатар деп қорқамын жиған малым.  
Сен жоқ жерде асқазан да қыжылдайды,  
Жақпай қалад ет пен қымыз, май-қаймағың.

Сен жоқ жерде аққайнарым тартылады,  
Курайтындай көрінеді тал, құрағы.  
Сен жоқ жерде белім де бұлтартпайды,  
Әр қимылым жанға батып, миға ұрады.

Сен жоқ жерде пышағым да өтпей қалад,  
Жауға өтпейді қылышым да, наиза, садақ.  
Сен жоқ жерде бәрінен де тылсым жүрек,  
Қорқытады – қала ма деп жай бір мазақ.

Осылай тізе берсем мұшкіл халді,  
Елестетем ауру-сырқау мұжық шалды.  
Әрине, айтар сырым бұдан да көп,  
Саған ғана тапсырам шыбын жанды.

Ол рас! Сен деп таптым абзал жанды,  
Сенен ғана сезінен мейірбанды.  
Жаным, менің бақыттым өз қолында,  
Күші менің бойымнан сүр жыланды!

Жаным, мені түсінші, жарым болшы,  
Еркелейің, сен де еркеле, бақ боп қоншы.  
Күннен-күнгे басылып, ез боп кеттім,  
Қарайлаумен жолынды, болдым жолшы.

Күтқаруың араша боп бұл қатерден,  
Саған оңай болмайтынын түсінем мен.  
Бірақ тағдыр бүйріғы осы шығар,  
Көнөм шығар осы ауруға сен әптерген.

Шын ғашықтық жеңіп алса, көнөм дағы,  
Қанша қыын болса да арғы жағы.  
Өле-өлгөнше сүйе білу, ол – батырлық,  
Тек тез жанса махабаттың шамшырағы.

\*\*\*

Тіршілікте қыс пән жаз тең келеді,  
Тұн мен күн де кезектесіп әрлеңеді.  
Табиғаты қарсы болып жараганмен,  
Ер мен әйел бір-біріне нәр береді.

Екеі де ізденеді өмір бойы,  
Бағы жанса жарасады алтын тойы.  
Сол зандағы мені алға жетелейді –  
Келеді деп жанұяның абыроны.

Сондықтан да мен бүгін оптимистпін,  
Бағыт дұрыс, келмейді аттан түскім.  
Құдай енді жылатпас, арманым сол –  
Өз қолынан кәусардың суын ішкім.

Сондықтан да сен бар жерде мен сәбимін,  
Қабілет келді жақсы адамды дәп танитын.  
Әуелі Құдай, ата-ана, үшінші сен,  
Өз қолынан келеді жөргек кигім.

Сен бар жерде боламын аңғал бала,  
Тамағым тоқ, уайым жоқ, көнілім дала.  
Ертелі-кеш ойыннан шаршап келіп,  
Жығыла қалсам аяғынды құшақтап қана.

Сен бар жерде мен саған жасөспірім,  
Суретке сап қуантар ем әлем нұрын.  
Білім қуып, өнеге құлаш сермеп,  
Саған күнде сыйлар ем өмір гүлін.

Сен бар жерде кейпін киіп бозбаланың,  
Ғылым іздеп, ұғынар ем өмір заңын.  
Сол уақытта сен көңелсөң қуанышқа,  
Сен арқылы лаулар едім болып жалын.

Сен бар жерде қылшылдаған жігіттеймін,  
Сенің ғана бақытына жол іздеймін.  
Қажет болса батыр болып, жауға шабам,  
Қарсы келген бәрін де сілкілеймін.

Сен бар жерде отыз толып, орда бұзам,  
Өрмелеймін, қорықпаймын шың мен құздан.  
Өмірім бір жиырма жасқа шегерілсе,  
Өзінді тандар едім миллиард қыздан.

Сен бар жерде қырыққа келіп, қамал алам,  
Жан болмас ед күшіме таң қалмаған.  
Ақындықтан тұнғиықта бұғып жатқан,  
Талай дастан шығар еді басталмаған.

Сен бар жерде ел еркесі елу келіп,  
Болмысыңа сүйсінір ем әсерленіп.  
Өзінді үлде мен бұлдеге орап,  
Жаныма ертіп жүрер едім әлем кезіп.

Сен бар жерде алшандар ем алпыс толып,  
Деміме дем қосылар ед шаттық қонып.  
Саған деген ән-жырларым асып-тасып,  
Жатар еді атқылап вулкан болып.

Сен бар жерде жетер едім жетпісіне,  
Бағынбас ем жетпістің тепкісіне.  
Өзінді ертелі-кеш аймалар ем,  
Жетемін деп «жетпісбайдың» шәпкісіне.

Сен бар жерде қын емес сексен келу,  
Тілек біреу – қос тұлпардай қатар желу.  
Балалар ойда-қырда күнін көрсе,  
Біздің мақсат – бір-бірімізben шүкірлену.

Сен бар жерде нығыз болам тоқсанда да,  
Жылынармыз махаббаттың отын жаға.  
Сен де өзіңше берік бол сол кездерде,  
«Жетпісбайдың» қызығы сонда ғана.

Сен бар жерде мен енді келем жүзге,  
Сен тоқсанда жігітіңен күдер үзбе.  
Нағыз қызық сол болады қарайлассак.  
«Жетпісбайдан» туатын «Карапузге»!

Сөйтіп сені сол жүзге жеткізермін,  
Өзім дағы жүз онды тепкіләрмін.  
Алтын тойды өткізген соң құшақтасып,  
Аттанармыз қойнына қара жердің.

Осылай саған қиялымды баяндағым,  
Көкіректен ақиқатпен шыққан жалын.  
Сондай сезім сені дағы баурап алса,  
Ашылар-ау сеніменен мениң бағым.

Өзінді ансан күні-тұні зырылдаймын,  
Соған дәлел ретінде жыр құраймын.  
Қарсы алшы мені, жаным, құдіретім,  
Сен – Монтанам, сен маған Монтыбайсың.

Қоса алмаған көп ғашықтар жүрек сырын,  
Біліп жүрміз махаббаттың талай жырын.  
Біздің заман бірақ та мұлдем басқа,  
Көтерелік жан сезімнің жаңа туын.

\*\*\*

Жалтылдаған, жалт еткен,  
Найзағайдай жарқ еткен.  
Қыз-келіншектер көп екен –  
Саған бірақ кім жеткен?!

Мінездері шуақты,  
Тәрбиелі, тұрақты,  
Қыз-келіншектер бірақ та  
Жетпейтін саған сияқты.

Сүмбіл қара шашы бар,  
Қолдан сусып шашылар.  
Ондайлар саған жетпейді –  
Көнілім судай басылар.

Ақжарқын, ашық мандайлы,  
Қиялдап алыс самғайды,  
Олар да саған жетпейді –  
Ондайдан іргем шалғай-ды.

Садақтай имек қастары,  
Сүйкімді қабақ астары,  
Бірақ та өзің тұрғанда  
Көре алмаймын басқаны.

Қарақат көздер мәлдіреп,  
Өңменнен өтер елжіреп,  
Оған да міз бақпаймын –  
Бәрі де сен кемірек.

Әйелдер көп қыр мұрын,  
Көп қой айтса түр-түрін.

Сенікі ғана ұнайды –  
Оллаһи, айтар шын сырым.

Сүйкімді, сәнді құлақтар,  
Бар қызметі – бір ақпар.  
Тек сенің сол жеріңен  
Бал шығатын бір гәп бар.

Дөңгелек жұз, аппақ бет,  
Саған біткен қасиет.  
Қос шұқырың қос жақта  
Кездеспейтін ғанибет.

Екі менің беттегі  
Жаралған жоқ тектен – тек.  
Теріс бір мін таппадым,  
Өзіңе құлап бар ниет.

Зерттелмеген бар ұғым,  
Еріндерің сол ғылым.  
Жақындал келіп өпкенде,  
Қашады менің дегбірім.  
Одан әрі тілінді  
Сүйсем «дүние бүлінді».  
Жынын алған бақсыдай  
Ұмытамын мұнымды.

Өзгеше тым иегің,  
Менен басқа ие кім?  
Ләzzатыңа мас болып  
Күні-түні сүйемін.  
Елестейсің сол жерде

Ботасына түйенің.

Сол пошымға разы бол  
Басымды саған иемін.  
Ұстай қалад ақындық  
Саяхаттап жыр елін.  
Басталмақ жаңа бір өмір,  
Саған дейін кім едім?

Алма мойын, ақ тамақ –  
Сөзім емес жаттанды-ақ.  
Құшырланып иіскесем,  
Ойым болад тұншықпақ.  
Тәубеме сонда келемін,  
Кетпесін деп бастан бақ.  
Сонда маған жан бітіп,  
Жанданады шартарап.

Ерекше біткен қос анар:  
Нәресте үшін нәр тамар,  
Сымбатына сұлудың  
Одан әрі сән салар,  
Фашық болған жігіттер  
Құдіретінә таң қалар.  
Мен солардың бірімін,  
Өзінмен ғана оңалар.

Айтар болсақ шындықты,  
Ашқын келмейд тұндікті.  
Жолап кетсең азырақ,  
Ұмыттырар сүмдықты.  
Бір-екі рет иіскесен,  
Шақырады бірлікті.

Барлық сезім сол жерде  
Айтқызады шындықты.  
Менің айтқым келгені –  
Бәрінен де сен мықты.

Төмен түссек бір қарыс,  
Өзіне тартар бір арыс:  
Қызметі оның мың арыс:  
Үш жұздің үш бабасы –  
Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс –  
Жаралған екен үш намыс;  
Сәкен, Илияс, Бейімбет –  
Тұылған екен үш арыс;  
Келген жарық дүниеге  
Талай батыр – жолбарыс;  
Махаббатқа мекен деп,  
Келмейді кеткің тым алыс;  
Кульминацияға жеткенде  
Жан ұшырап бір таныс,  
Ойлайды екен кей тапқыр  
Тындырам деп бір-ақ іс,  
Қыры-сыры сансыз көп  
Әйелге жазған зор намыс,  
Билесе бойды безгектей,  
Маған да келер «жынданыс»,  
Айтып-айтпай нұ керек,  
Бір ғылымға сыймайтын –  
Таңғажайып тұрған іс.  
Маңызы көп, аты жок  
Сол жерге, жаным, мың алғыс!

\*\*\*

Сонғы күндер наурызы сексен бестің,  
Өміріме бір төңкеріс елестеттің.  
Алдында жарқын бейнен, құлім көзің  
Көрінгенде кебін кидім «жарым естің».

Содан бері тек өзінді аңсап келем,  
Рас еken «бір көргеннен ғашық» деген.  
Білмеймін сенесің бе, сенбейсің бе –  
Мен өзім дәл сол күні әбден сенгем.

Естең кетпейт күлімдеген сол келбетің,  
Хор қызындај жүректен орын тептің.  
Содан бері ғашықтық ауру келіп,  
Махабbat теңізіне сұнгіп кеттім.

Содан бері дамылсыз жүзіп келем,  
Батамын деп қорықпаймын, болдым тюлень.  
Азимуттық бағдарым бір өзіңсің,  
Қайтсем де арғы шептен саған жетем.

Сол кейпің жанымды жарапады,  
Тұла бойды быт-шыт қып арапады.  
Пәк жүректің әміршісі өзің болдың,  
Сенен басқа ешкімге ол қарамады.

Күлім қаққан ақжарқын сол бір кейпің,  
Сезім бол кірді санама еркелейтін.  
Ыстық-суық, ащы-тұшы – бөгет емес,  
Панаң болғым келеді күркелейтін.

Сол бір бейнен пәрменді тонус берді,  
Жан-жәннәтім жадырап, көктем келді.  
Өзің ғана сыйлай алдың іңкөр сезім,  
Өзің ғана әкелдің самал желді.

Жалт еткен жанарыңнан еріп кетті,  
Арктика мұзы басқан көкіректі.  
Не болғанын білмеймін маған, жаным,  
Дегбір қашты, ес шықты, сабыр кетті.

Жаным, сенің қимылың, әр қылышың,  
Бүрк-сарқ қылышп жіберді іш тұнығын.  
Бағым болшы, болмасаң да мен көнәмін,  
Бір сенің бақытыңның мен құлымын.

\*\*\*

Іздеген адамымды енді таптым,  
Не екенін енді сездім махаббаттың.  
Мінезің бақ, ақыл дария, іскер жансың,  
Сол қылықпен жүргімнің отын жақтың.

Қанша кездім қазақтың сахарасын,  
Кездеспесең не болар ед ғаріп басым?  
Еңді ғана арайлап таңым атты,  
Өзіңмен-ақ жалғанар ғұмыр жасым.

Сондықтан да бастайықшы жаңа өмірді,  
Ұштастырып мақсатты, пәк көнілді.  
Махаббаттың өзегі өзің болшы,  
Құрметтейін қастерлеп әр сөзінді.

Сені ғана ұннатьым, үқышы мәні,  
Тек өзіңмен ғашықтықтың болар шегі.  
Тұла бойың, келбетің – бәрі де сай  
Сендей болмас Төлеғеннің Қызы Жібегі.

Күні-түні ііскесем бір тоймаймын,  
Ләzzәтіңмен мас боламын сүйген сайын.  
«Жынын алған бақсыдай» ертелі-кеш.  
Алдыңда бір тұрамын, бір құлаймын.

Жан бітірді махаббаттың самал желі,  
Қайта тудым өзіңмен үнде скелі.  
Күзім келіп қалды-ау деп жүргенімде  
Маңдайымнан ескендей көктем лебі.

Сені көрсем жұмақта жүргендеймің,  
Тандап, талғап хор қызын сүйгендеймің.  
Көк аспанда сұнқар мен лашын болып,  
Айдын көлде қос аққудай жүзек деймің.

Байғұс жүрек жалғыздықтан жылайды,  
Сынарына жетемін деп тулайды.  
Кеш те болса қосайықшы тағдырды,  
Ұят та болса жұрт түсінер бұл жайды.

\*\*\*

Сенен ғана жылышты сезінем,  
Шаттық орнап тебіреңем сенімен.  
Сен ғанасың іш-бауырымды елжіретер,  
Үйқым қашып, сен туралы түс көрем.

Сенен ғана сұлулықты сезінем,  
Бар сұлулық шектелгендей сенімен.  
Сенің ғана бар жақсыңа әр беріп,  
Саған деген таусылмайды жыр, өлең.

Сенен ғана ақылдықты сезінем,  
Ақылымға ақыл қостым сенімен.  
Сен болмасаң дала кезіп кетер ем,  
Сен болмасаң орға түсіп кетер ем.

Сенен ғана мейірбандық сезінем,  
Саған дейін кімнен оны көріп ем?  
Сондықтан да болмысыңа мәз болып,  
Сондықтан да қылышыңды паш етем!

Сенен ғана биязылық сезінем,  
Айықтырар қайғы-қасірет шерінен.  
Қыз-келіншек бәрі сендей бола алмас,  
Бұл қылышыңпен әйел жақсы көрінген.

Сенен ғана қайырымдылық сезінем,  
Жалықпайсың жүртқа көмек беруден.  
Алған алғыс, көрген құрмет бәрі де  
«Қабыл болсын», деп тілеймін Тәңірден.

Сенен ғана өнөрпаздық сезінем,  
Бұл тұрғыдан сен ерекше феномен.  
Бір шаңырақтың берекесін келтірер,  
Әр шаруаның тәмамдығын сан көргем.

Сенен ғана ұяндықты сезінем,  
Қазақи мінезінді сезіп ем.  
Мінез үшін бола қалса конкурс,  
Көрінер ең пьедесталдың төрінен.

Сенен ғана нәзіктікі сезінем,  
Салыстырам өзінді тек гүлменен.  
Саған дейін өткен өмір алдамшы,  
Сенімен жаным кіріп түрленем.

Сенен ғана іңкәрлікті сезінем,  
Сендей жаннан қалай, қайтіп шегінем?  
Саған ғана еркелесем сәбидей,  
Сені дағы «ерке бөпем» деп жүрем.

Тізе берсем қасиетің көп жағымды,  
Өмір бойы іздегенім табылды.  
Енді қалған ғұмырымды өзіңе арнап,  
Бір сен үшін құрбан етем жанымды!

\*\*\*

Айдай аппақ көркінен нәр аламын,  
Жаным, «сөні сүйем» деп жар саламын.  
Сенсің менің берекем, күш-куатым,  
Сеніменен жарқырайды бар ғаламым.

Сен менің ата-бабам, анамсың,  
Сен менің сәбиімсің, баламсың.  
Сен менің ақыл-есім, санамсың,  
Сен менің данышпаным, данамсың...

Арманым – сен, алға қарай жетелейтін,  
Жан-жарым – сен, бакытымды еселейтін.  
Бір сәт қана көрінбесең сағынамын,  
Сағынамын кездерінді еркелейтін.

Сенсіз жерде мұнсыз жүрек мұнаяды,  
Сенсіз жерде сыршыл сезім сарғаяды.  
Сенсіз жерде мұсәпір боп қорған іздеп,  
Сенсіз жерде аңсаймын бақ-саяны.

Сен бар жерде асқар биік таудаймын,  
Сен бар жерде қыран құс боп самғаймын.  
Сен бар жерде ақын болам, батыр да,  
Сен бар жерде сейіледі бар қайым.

Сенің әрбір қылығың бір-бір дастан,  
Пәк көңілің тап-таза ашық аспан.  
Күннен күнге артып барад ықыласым,  
Дәл таныппын өзінді әүелбастан.

Сенсіз жерде өмір маған өмір емес,  
Өмір сүріп жүргенім жәй бір елес.  
Саған деген маҳаббатқа бас тігемін,  
Болмас тегі өзіңмен «арзан кеңес».

Жаным, саған разымын болғаныңа,  
Құдірет-құс боп көкірегіме қонғаныңа.  
Өмірде бақытты боп өтер едім,  
Тек сен үшін жарасам қорғаныңа.

\*\*\*

Жаным, сенсің – Көкше аруы – «Оқжетпесім»,  
Өзін қалап қойғандай тау дестесін.  
Көрмегелі қанша уақыт етіп кетті,  
Сен болдың ғой сағынышым, қол жетпесім.  
Әлемнің бар қызы мен келіншегі  
Құрай алмас сол бір таудың көләнкесін.

Жаным, сенсің – керім, маңғаз «Жеке батыр»,  
Қаперсіз, еш уайымсыз ұйықтап жатыр.  
Мен жүрмің, күні-түні бір дамыл жоқ,  
Жүргіне кілт таба алмайд болдым пақыр.  
Әлемнің бар қызы мен келіншегі  
Көрінеді орнатардай заманақыр.

Жаным, сенсің – күміс көлім – «Бурабайым»,  
Суың зәмзәм, шипа берер түскен сайын.  
Әттең шіркің, қатар болсаң сен қасымда,  
Көрер едің не болғанын көңіл-жайым.  
Әлемнің бар қызы мен келіншегі  
Әкелетін сияқты қара уайым.

Жаным, тек сен – дара біткен «Жұмбақтассың»,  
Сол жартасты көруге әбден жанталастым.  
Сен де жұмбақ, шеше алсам сол жұмбақты,  
Басар едім әніңе «Гауһартастың».  
Әлемнің бар қызы мен келіншегі  
Жарылқамас қамын ойладап қара бастың.

Жаным, сенсің – көлге құяр сансыз бұлақ,  
Тек солардан шөліркеүмен жүрмін шыдап.  
Өзің ғана сол шөлімді баса алатын,  
Өзің ғана бола аласың «Ләйлім-Шырақ».  
Әлемнің бар қызы мен келіншегі  
Сен тұрганда қалай ғана сағындырат?!

**АРНАУЛАР,  
ҚҰТТЫҚТАУЛАР**

## КӨРШІ ДОСТАРҒА

Бір үйде тұрып жатыр үш жолбарыс,  
Адамзат жоқ олармен емес таныс.  
Малы-жаны аралас, дәм-тұзы да,  
Үйлөрінің арасы бір-бір қарыс.

Бәрі де жарасымды, бәрі жым-жым,  
Құдай қосқан аттары да ұқсапты тым.  
Уәлихан, Руслан, Сайран<sup>11</sup> деп сыпыра Анды  
Жасағандай конструктор Антоновын.

Келіп жатыр дүниеге Андардан Аң,  
Нариманда бір-ақ інішек, ол-Темірлан<sup>12</sup>.  
Ойлаймың, қуат берсе Сәуле құрбым,  
Әкелер деп Сәкең үйіне тағы бір Аң.

Екі Аң жүр қайран қырықтан өтеміз деп<sup>13</sup>,  
Бір Аң жүр қырыққа қалай жетеміз деп.  
Кеш болса женгейлерге көніл бөлмей,  
Отырғаны «префты ңетеміз» деп.

Бір Аң жүр аупарткомнан нұсқау беріп<sup>14</sup>,  
«Атаң аузы... » деп қояды кемелденіп.  
Халықты өрге тартып жүрген жайы,  
Партиялық саясатпен жігерленіп.

Портфелінің бір Анның аты – Госстрах<sup>15</sup>,  
Жеті рет өлшеп келіп, кесер бір-ақ.  
Ел-жүрттың мал-жанына қамқоршы бол,  
Жұмысты жүргізеді агентпен-ақ.

Енді бір Аң – абзал жан ақ халатты<sup>16</sup>,  
Пышак салып, талай жанды тыпырлатты.  
Өнөрі де жетіп жатыр, домбырамен  
Пермь, Қорған, Алматыны аралапты.

Үш отау күнде өзімен абыр-сабыр,  
Аман-сау боп, Тәңірі жарылқағыр.  
«Менікі, сенікі жок» - осы ауылда,  
Коммунизм дауылпазы қағар дабыл<sup>17</sup>.

Жақсы көрем көлдін сәні – ақкуларды,  
Жақсы көрем адал ниет адамдарды.  
«Ақындығым» ұстап қалып жыр құрадым,  
Бәрі шындық, термедім «жок пен барды».

## ИЛАН ҚҰРДАСЫМА (достық шарж)<sup>18</sup>

Жарқ етіп көрінгенде біздің Илаш,  
Байқаймын, көңіл бөлмес адам болмас.  
Бір үйдің берекесі болары һақ,  
Мұндай қыздар Семейден енді тумас.

Тық-тық еткен аяқтары, жүріс кербез,  
Конкурста талай қыздар қатар келмес.  
Әлдеқашан ғашық болып қосылар ем,  
Шұбартаудан туып-өсіп, болсам жерлес.

Тұла бойы толған күш, тым қайратты,  
Ол дарынын естімесек, кім байқапты.  
Титығына тие берген ағайларды,  
Шкафқа басын соғып айғайлattты.

Жалт-жұлт еткен екі көзі ол бір роман,  
Сипаттауға жетпес тегі мәнің шамам.  
Езу тартып жымиса, алтын тістен  
Нұр алатын сияқты барлық ғалам.

Дархан көңіл байқаймын қас қабақтан.  
Сахарасын қазақтың алып жатқан.  
Әттең бала- шаға бар, бойдақ болсам,  
Күні-түні иіскер ем ақ тамақтан.

Мінез дағы жоқ емес тарсылдайтын,  
Оған да себеп болар деп ойлаймын.

Кейде тұрып алады позасында,  
Жүгөн - күрық тимеген асау тайдың.

Дегенмен де бойында жақсы басым,  
Азамат-ақ бір түрі асыл тастың,  
Мәңгі ғашық болып өткен Ромеоның  
Елестетер көз алдына Джульєттасын.

Әзіл -оспақ қалжың сөз, бәрінә бай,  
Жігіттер жүр сонысын түсінә алмай.  
Бәрінің де Сейпіл-Мәлік болғысы бар.  
Жалғыз Илаш көрінгендей көп Жамалдай.

Илаш бұл мерекене тарту еді,  
Кешіргейсің артық кеткен болса жері.  
Достық көніл, құрдастық – бәрі ішінде,  
Сондықтан да кейбір жері күлдіреді.

Әйтпесе саған деген көнілім адад,  
Тілегім сол – халқыңа нұр боп жарал  
 Тағы бір тоқсан кило жар тілеймін.  
(жез мұртты, қырық маңында, қырма сақал)

## ЖАСҰЛАН ДОСЫМА (жауап хат)<sup>19</sup>

Армысың, абзал досым, бала жастан,  
«Боларынды» біліп едім әүел бастан.  
Үйгай-сығай достарымыз көп болса да,  
Ерекшесің, тұрасың тыс конкурстан.

Сондықтан да орның сенің алабөтен,  
Қатар өстік, балалық шақ өтті көркем.  
Күнүзак шабысқа бір тоймайтынбыз,  
Талды ат қып, кем көрмей сәйгүліктен.

Есінде ме Қарағандыдан театр келіп,  
Әртістерден қалмаймыз деп әуре едік.  
Алма, Айгүл, Эмина – бәрі сылқым<sup>20</sup>,  
Біздер батыр болатынбыз садақ керіп.

Қыстау ағаш ішінде күрке салып,  
Екеу-екеу құрмаушы ма ек құдандалық.  
Күйеу мен қалындыққа ұқсап бағып,  
Жүретінбіз әрнәменің басын шалып...

Нөсер өтсе, ол дағы бізге думан,  
Нәр алатын деңеміз жауын судан.  
Әсіресе Болатнайымыз тыр жалаңаш<sup>21</sup>,  
Құтыратын бақсыдай жынды қуған.

Есінде ме, достым-ау, қызық көріп,  
Жапсарлардан жұмыртқа жүрдік теріп.  
Тұз себелеп шикідей ішетінбіз,  
Архивтегі ол дағы бір естелік.

Сейтіп жүріп жетіге де келіп қалдық,  
Ленин орта мектебін бетке алдық.  
Алдыңғы бір партадан орын тиіп,  
Тенізіне білімнің қармақ салдық.

Ой-сананың компьютерін параптасақ,  
Сансыз қызық кезеңдер үшкін шашад.  
Маған жазған эссеnde біраз жерін,  
Маржандай ғып тізіпсің, қандай ғажап!

Ол жылдар өте шықты қас қағымдай,  
Білмеллің тез өтерін уақыт зырлай.  
Ержетеміз деп асықтық, әр сыныпты  
Оқымаппыш нығыздап қос-қос жылдай.

Хатынды мен хош көрдім қайталамай,  
Әңгімеге әңгіме қостық талай-талай.  
Моменттердің кейбірін толықтырсам,  
Сәні-мәні арта түсер деп ойлағай.

Ол рас бағымыз жанды біздің,  
Үлкен орда болуы мектебіміздің.  
 Тағы бір топ ұстаздардың мандай тери –  
 Бай болып қалыптасуы санамыздың.

Математика – ол білімнің падишасы,  
Білмегеннің сай келмес логикасы.  
Жахин Фазез<sup>22</sup> білдірді көп екенің,  
Өмірдің дәлелдейтін теоремасы.

Ньютоңды туыс қылып атамыздай,  
Бар өнөрін салушы еді Шалбай ағай<sup>23</sup>.  
Институттың материалына кіріп кетіп,  
Отырушы ек үзіліске уақыт қалмай.

Менделеевтің аруағын разы қылып,  
Зура тәтейді<sup>24</sup> тыңдайтынбыз ұйып-тынып.  
Үйретті қышқыл+негіз тұз боларын,  
Білмегендер бұл дүниеде мұз боларын.

Осындай тұлғалардан дәріс алған,  
Студенттер әлемінде болдық тарлан.  
Бәрі дағы солардың тәрбиесі,  
Ортамыздан шыққан жоқ бір хулиган.

Ақылға сап айыра білдік ақ-қараны,  
Жаманнан сұрыптағық жақсы араны.  
Әділдікке, әділеттікке бейім болдық,  
Құрмет тұтып, сыйлай білдік ата-ананы.

Ұстаздардың бір сырттаны – аты Құрмаш,  
Кішіпейіл тұрушы еді болып құрдас.  
Бұхардан сусындағы бері қарай,  
Абайға әкеп тірейтін қылып сырлас.

Бұл жерде бір айтарым, достым саған,  
Азда болса тотыққандай «абайнамаң».  
«Бес нәрседен қашық бол», үрпактарым,  
«Бес нәрсеге асық бол» - деген бабам.

Пір тұтқаным Әбілмәжін Фазез<sup>25</sup> ағам,  
Үлкен-кіші сыйлаушы еді, көрші-қолаң.  
Он саусақтан өнер тамғаң, тірі болса.  
Бәйгесіз-ақ болар еді жігіт-сұлтан

Көп жақсыға құштар едім бала құннен,  
Құр алақан емес едім тәтті үннен.  
Сол кісіден үшқын тиіп домбырама,  
Лаудады сазды әуендер көкірегімнен.

Ата-бабам екі жақтан бәрі мықты,  
Менгерген көрінеді көп аспапты.  
Генетика заңы шығар қуат берген –  
Қобызым да кете барды сайрап тіпті.

Сонымен он жылдықты тәмамдадық,  
44 үл-қыз маңдайымызға шырақ жанып.  
Үбір-шүбір сары ауыз балапандай  
Ұмтылдық, ұшамыз деп қанат қағып.

Біріміз аспан шарлап кете бардық,  
Біріміз сазға түсіп батып қалдық.  
Біріміз өмір заңы үйлену деп,  
Қыз-жігіттер жетпейтіндей ұя салдық.

Әркімге тағдыр деген өз қолында,  
Армандары орындалса, бақыт сонда.  
Біреулерге байлық бақыт, мансап бақыт.  
Бала баптау бақытынан олар зор ма?

Баланы оқытуды жек көрмеген,  
Жазбап па еді бұл тақырыпқа Абай өлең.  
Беталысы жаман емес, балаларым.  
Қатерден тек аулақ болсын, тіл мән көзден.

«Адам бол» деп жол сілтеп санасына,  
Ой жүгіртсін диалектика саласына.  
Деп жүремін түсінсін: бардың жоқ боп,  
Жоқтың бар боп кетерін арасында.

Мақсат емес жай ғана болу адам,  
Адамбыз деп жүрген көп небір надан.  
Артқы түяқ алдыңғыны оза басқан,  
Кей кезде үйрәнсек қой тұлпарлардан.

Бақыт сол - әкесінен бала озса,  
Прогресс сол – ұрпактардан ұрпақ озса.  
Сонда ғана қоғамымыз алға басар -  
Соны аңсаған Демокриттер, Спиноза.

Ал, достым, пәлсәфәмды сөге көрме,  
Әңгімені апардым біраз жерге.  
Сен сияқты мәнің дағы түйгөнім бар.  
Айтарым көп келгенде жас елуге.

Бірақ та елу деген алпыс емес,  
Бұл елуде ешкімге ешкім акыл бермес.  
«Жігіт ағасы» деген ат қосылмаса,  
Алыстаған жоқ әлі сол жиырма бес.

Даналықты айтамыз алпыс аса,  
Сондықтан да тарт көшінді алға баса.  
Пессимизм деген ауру содан сақтан,  
«Білмеймін» деген бір жау жатқан таса.

Бұл ойларды айтатүфын мәнісі бар,  
Ғұмырында борышың көп, міндет заңғар.  
Баспен істегенінді көтеретін  
Мойын болса нығызырақ, сол жарасар.

Тағдыр жазып маңдай жарық көргесін,  
Ыстық-суық, күн мен желге тигесін.  
«Орманға кірген сайын отының көп»,  
Кімнің болсын қалындарар шүйдесін.

Тілегім сол – бұл фәниден бүйірғанын  
Жұғысты ғып бойыңа түгел алғын.  
Сенде болса – менде бар деп түсінемін...  
Жас дәуреннің бірге көрдік штрихтарын.

Тәтті өмірдің біздерге шегі бар ма,  
Жүзінде шаттық тұрса балаларда.  
Кейде бөліп жейтінбіз түйір құртты,  
Кейде жетпей қалатын таудай қар да.

Ержеткен соң бытырадық тармақ-тармақ,  
Әр түкпірден жүретінбіз сәлем жолдал.  
Сен Сахалин, мен Уссури өлкесінде,  
Ер міндетін атқардық, Отан қорғап.

Бірін-бірі қарғалар көзге тұртпес,  
Адамзат та бала кезде сол іспеттес.  
Өсе келе екі ұрты май мен қан боп,  
Басталады жауыздық, текетірес.

Бірақ біздің ниетіміз аулақ одан,  
Октоэдр жігіт болсаң – мен қуанам.  
Құдай қосқан жарыңмен қоса ағар,  
Көргендерің қызық болсын үш ұлыңнан.

Жасеке, саған айттар тілегім көп,  
Ықылас, көңіл, аманат – онда шек жоқ.  
Ақын болшы деген соң «ақын» болдым.  
Ән сал десен, саламын Біржан сал боп.

Етікшілік қолдан келмес ерінгенге,  
Ұялмаған басады «әудем жерге».  
Үш-төрт шумақ өлең жазып кеуде қағып,  
Ақынмын деп масаттану жоқ қой менде.

Сөз патшасы – өлең қымбат, жетпес пұлын,  
Жақсы өлеңкен шымырлар жүйке, жұлын.  
Оның бәрі болмаса, күйбең шаруа,  
Сыр сандықтан айтайын бір тұжырым.

Бір ақындар нәзік сезім болар лирик,  
Біреулері ақынсымақ, шәлкес, шизик.  
Көбіне-көп мақтаншақтар нүктे іздейді,  
Архимедтей жер аударап болып физик.

Ұқсағым келмейді мен біреуінje,  
Жақсы емес «мешкей» аты осы күнде.  
Жас кезімде туған жерге, ғашықтыққа,  
Жоқ емес аз-мұз жазған өлеңім де.

Болсаң да, болмасаң да сөзге жомарт,  
Жұмыр өлең ақын үшін негізгі шарт.  
Білім, ғылым, ой-өрісің сай боп тұрса,  
Поэзияның жолында болмас фальстарт.

Нағыз ақын үлкен тұлға, ол – бәйтерек,  
Ақынға арман керек, қиял керек.  
Жоқ пен барды ермек қып үйқас терсе,  
Болары хақ түсініксіз бір винегрет.

Назым бар, ақынсың деп айта көрме,  
Ерте болар ниетің – шық деу төрге.  
Қызмет бабы, уақыт аз, «ұқсан бағып»,  
Көрерміз жетсек аман зейнеткерге.

Сол себептен алмаймын мен қолға қалам,  
Шабыт дағы келе бермес, жайдақ-жалаң.  
Дегенмен де қиял атын мініп алсам,  
Тарылғандай болады бүкіл ғалам.

Бір қиялым – Гималайдың шың биігі,  
Бір қиялым – Тынық мұхит тұңғыбы.  
Бір қиялым шарлап кетсе Сахараны,  
Бір қиялым аралайды Джунглиді.

Әлқисса, ауытқыдым әнгімеден,  
Хатым құнды болсын деп әуреленем,  
«Тойға тойың ұлассын» дей отырып,  
Миссиямды тәмамдайын осыменен.

Болса дағы үғымдар небір терең,  
Көкейіне жатар деп кәміл сенем.  
Мұқағали, Абайларды бетке ұстап,  
Елуіне елу шумақ жаздым өлең.

**4 ақпан 2000 жыл**

Пір тұтып, үқсап бағып Ұлы Абайды,  
Әнгіме қып тізіп едім өткен жайды.  
Газетте бұл жауапқа орын жоқ деп,  
Андағылар мензеді Тұманбайды.

Тұсінбедім – үлкен көшке кіру үшін  
Тышканшылап, бір-екі шумақ жаса мұсін.  
Әйтпесе көлемі үлкен шығармамен  
«Дөкейлердің» басу қауіп небір күшін.

Үқсатуға болмайды деп мылжынға  
Ақиқаты сол болса, ол қалжың ба?  
Жарандар- ау, ойландаршы құрдастардың  
Бұл жанрын жібермекші кім құрдымға.

## ШАЛ АҚЫНҒА ЕСКЕРТКІШ (аудан орталығында)

Ол заман, өткен заман, қылыш заман,  
Болған екен ел басында тентек ғалам.  
Жер дауы, жесір дауы, қан төгісу –  
Тақырыбы мағынасыз, өмір жалаң.

Сол уақытта бірлігі жоқ байғұс қазақ,  
Күні түн боп, болмаған кімге мазақ?  
Тағдырының жалғасы нә болар ед  
Бір байрақтан үстамаса, «Абылайлап»!

Жонғар бетін қайтаруға Абылайға  
Ер Құлеке ол да болды құрылтайда  
Қожаберген ерке өскен бауыры оның,  
Сол бабамнан үрпақ тарап, болдық пайда

Сондықтан да мен бүгін шаттанамың,  
Аз да болса Тілеукеден жүққан дарын  
Бүгін сәті түскендей ескерткіштің,  
Төрімізге келтіріп түр аудан сәнін.

Уа, ақыным, айналдым мен аруағынан,  
Сабырлы кейіпіңен шалқақ тұрған.  
Жайғана ақын емес, су жорғасың,  
Қай дәуірде болсан дағы дара туған.

Он үшінен жырласаң да өмір заның,  
Бізге жетті азғана жыр жолдарың.  
Сен тамыздың сөздің майын, тілдің балың,  
Талдай білдің тіршіліктің көп қырларын.

Сен жеткіздің бізге сөздің құдіретін,  
Әрбір сөзің әр үғымға әр беретін,  
Қанжар сөзің біреулерді жарып өтсе,  
Қикар сөзің женгелерді құлдіретін.

Поэзия әлеміне кірсек терең,  
Жанға жайлы жырларың сондай ерен.  
Қасиетің сол – әз Бұхардан бастау алып,  
Жалғастырдың сол өнерді Абайменен.

Ұштастырдың ұшқыр ой мен шешендікті,  
Өлеңдерің жұмыр келген, тыңғылықты.  
Заманыңның данышпаны болғанынды.  
Қастерлеп Шоқан берген бағаң мыкты.

Сен өмірдің сараладың пәлсафасын,  
Тіршіліктің белестерің, адам жанын.  
«Қаранды қазақ көгіне күн» болатын.  
Сол кезеңнің сенен көрдік ғұламасын

Сен жырладың адамгершілік тақырыбын,  
Зорлыққа, зомбылыққа қарсы тұрдың.  
Білім қуу, ілтипат пен қайырымдылық,  
Әсемдік жайында әнгіме құрдың.

Ерекше сипаттадың әйел затын,  
Бағын ашып қастерлейтін ердің атын.  
Әшкерелеп қызы- келіншектің осал жерін,  
Дөп жырладың құдіретін махаббаттың.

Сен жастарға өнеге қып сөз таstadtын,  
Ерлікке, жігерлікке бастап бәрін.

Күншілдікке атой сап баурай білдің,  
Лауласын деп көкірегінде жастық жалын.

Өмірінді паш еттің адамменен,  
Жақында тайпалай айқастың арамменен.  
Болмасам да ұқсап бағып бір өзіңе,  
Құрастырдың азын-аулақ мен де өлең.

Білетінбіз ауданымыздың мүшкіл халін,  
Адам болмай тартып міндер аттың жалын.  
Осы кезде Айдарбектей бауырымыз  
Келді ортаға жандырам деп аудан бағын

Бұл күнде небір талай бастаманың  
Куә болдық шешіліп-ақ тасталғанын.  
Куә болдық осы әкімнің арқасында  
Ескерткіштің асыл тастан қашалғанын.

Шүкіршілік ауданымыз өрге басты,  
Бабамыздың аты-заты қатарласты.  
Әлеумет пен экономика салалары  
Бұлақ болып, дария құрап, көбік шашты .

Мен бүгін шабыттанып, шарықтаймын,  
Шыңдықты шыңғыртудан жалықпаймын.  
Әкім- інім, өзіңізге жұрт тілегі –  
Биігінен көрінє бер Гималайдың .

Жақсылардың жақсылықпен нұры тассын,  
Абыроймен атқарса ер шаруасын.  
Сейпілұлы Айдарбекке мың бір алғыс,  
Дегім келед - өрге тасың домаласын!

## ШАЛ АҚЫНҒА ЕСКЕРТКІШ (Қаратал ауылында)

*Ардақты ағайын-бауырлар,  
құрметті халаібың!*

Әр елдің өзінің Абайы, өзінің Мұқағалиы бар дегендей, біздің өзіміздің Шал ақынымыз бар деп мақтан тұтатын дәрежеге жетіп отырымыз. Бабамыз дүние-мал жиган жоқ, оның бар байлығы – адамгершілік, парасаттылық, әділдік, әсемдік т. б. тақырыптағы бізге жеткен азын-аулақ жырлары. Алтынның сынығы сияқты, кезінде цензура болмағанмен көмексленіп, тіпті ұмыт бола бастаған еңбектері бүгін бізге жетіп жатқанына тәубешілік айтқан жөн болса керек. Осындай дәрежеге жеткізіп отырған алдыңғы буын аталарымызға: Фалым Малдыбаев, Сейтен Сауытбеков, Габбас Елеусізов, Қошан Жантілеуов, сол сиқты Кәкімбек Салықов, Герольд Бельгер, Еслем Зікібаев, Мұхтар Мағауин, Қайролла Мұқанов, Фалым Қадыралин, Социал Жұмабаев, Хамит Біржанов, кешегі өткен Уәп Латанов т. б. бүгінгідей жиыннымыздың инициаторы болып тер төгіп жүрген Кәкен, Қаби, Қарамырза ағаларымызға, осы мүсінге өнерін салған құрбымыз Бақытжан Рамазановқа мың да мың алғысмызызды білдіреміз.

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын»-демекші, Тілеуке Құлекеұлы туралы, оның шығармалары туралы көптеген ғұлама

ғалымдар, әдебиет майталмандары, басқа да ойшыл, көкірегі ашық азаматтар жаң-жакты сараптамалар жасап, тиісті оң бағаларын беріп келеді. Оның бәрі кітап ішінде жазылған, оқысанаңдар білерсіздер, біз олардан артық айта алмаспсыз, қайталау да дұрыстыққа жатпайды.

Өкініштісі сол, бозбала кезінен ақын атанған бабамыздың бүкіл өмірі өлеңмен өтсе, ол шамамен 55 жыл десек, бізге жеткені небары 1600 дей жол ғана, яғни 55 қүндік еңбегі деген сөз. Хат тани білген адамның бұдан басқа шығармаларының белгісіз болып қалуы үлкен сұрап. Дегенмен «барымен базар» қылышп, айтып кеткен өситеттерінен нәр алыш, дұрыс тәрбие қалыптастырсақ, нұр үстінен нұр болмақ. Мына бір шумақ сол үшін туса керек.

Бағыңыз, қызмет етіп, халқыңызға,  
Жасы үлкен ел ішінде қартыңызға.  
Дүниеге бекер келіп, бекер кетпей,  
Бір белгі қалдырыңыз артыңызға.

Бұл өлең көбіне – көп ер азаматтарға, әсірессе жігіттерге арналған сиқты. Өзінің күйбең омірінен, күйкі тіршілігінен, әйелінің жанында ассистенттікten аса алмай жүрген, ынтасыз, са-марқау жандарға айтылған. Біреуге қол үшін беріп, бір мықсал жақсылық жасай алмаса, ол жігіттің жігіт болып жүруі бекер. Ал біреудің сибебін қанап, маңдай терін аяққа басу, ол ба-рып тұрған азғындық. Қоғамымыздың ілгері

басып дамуы, ұлтымыздың жұрт қатарлы туының желбіреп тұруы, бәрі-бәрі ер азаматтардың міндеті болмақ.

«Ұлым, саған айтам, қызым, сен тыңда»-дегендей, ақын бабамыздың жырлары көбіне-көп қыз –жеткіншектерге, әйел затына арналған. Ерекше пафостағы лирика болмағанмен, әйелдің ақылдылығын, еңбекқорлығын, бала тәрбиесіндегі рөлін, жалпы жанұядағы береке, бірліктің үйітқысы екендігін паш етеді.

Мысалы:

Жақсы әйел дәүлетінде жөн келтірер,  
Әйелің долы болса қүнде өлтірер.

Жақсыдан жаман туған бала болса,  
Атаға үйде жатқан көз келтірер.

Енді бірде:

Екінші әйел-қыналы бармақ дейтін:  
Аз нәрсені көптей қылады;  
Көп нәрсені көлдей қылады,  
Киімінде кір жұқпайды,  
Асына қылышқұ тұрмайды,  
Дүниесінің бәрі таза болады.  
Ерінің бары, жоғын білгізбейді.

Бұл шумақтардың пәрменділігі, түсінен білген адамға осы күндері тіпті артып барады ма деймін. Өйткені қазіргі қыз-келіншектерді көренаулық басып бара жатқандай. Біздің тұрмыс-салтымызға сәйкес келмейтін ертелі-кеш

теледидардан беріліп жатқан шетелдік сериалдарды көруден басқаға уақыт таба алмайтындарды жиі-жиі көріп жүрміз. Осыдан 30 шакты жылдар бұрын әр үй бие байладап, қымыз исі анқып тұрушы еді, әнді міне бір сиыр ұсташа да жарамай барамыз, бұл же деген сүмдыш! Ертеңгі ана болады деп сөнім артқан бойжеткеңдеріміздің арак, темекі сасып жүргендері одан бетер сорақылық! «Қызыға қырық жерден тыю» - деген қағидамыз қайда?

Осы күні үл да жалғыз, қызы да жалғыз, сыныра еркетотай. Демографиялық дамуымыз көлеңкедегі мәселе болып қалды, ұлтымыздың сан жағынан көбеюіне ат салысу керек шығар, екі адам қосылса, кемінде 3 бала өсіріп, тәрбиелеу қажет. Социологтардың айтудына қарағанда біздің Қазақстанның байлығын игеріп, басқа елдермен тең тұру үшін 100-150 млн. халық керек екен.

Қадірлі қауым! Әңгіменің негізгі арнасынан аздал шығып кетсем ғафу етерсіздер, жай ғана бір көкейге келіп, толғағы пісіп, айтылмай жүрген түйсіктер ғой. Әрине, азғантай ғана уақыттың ішінде «ақындар атасы» атанған Шал ақынның бүкіл болмысын егжей-тегжейлі айтып шығу мүмкін емес. Мен өз пікірімді өткен жылғы желтоқсанның 17-сі күні аудан орталығында ескерткіштің ашылуы құрметінше шығарған «Арнау» атты өлең жолдарында айтып өткен болатынмын, оны «Парыз» газетінен оқыған да боларсыздар. Қоса айтарым сол

– бүгінгі мына жасап жатқан шаруамыз әшей-ін бір ескерткіштің ашылуы фана деп түсінбей, санамыздың төрінен орын беріп, күрделі талпыныс жасап, осы мұсіннің алдынан әрі-бері өтіп жүргенде зор ілтипатпен тағым етіп, әркім іштей есеп беріп жүруі керек. Одан бетер, бабамыздың лауазымын жоғарылатуға ат салысу керек, ол үшін іздену керек, тағы басқа еңбектері табыла қалса, жарыққа шығарып паш ету қажет. Сөзімнің соңын мына азғантай фана жыр шумақтарымен аяқтамақпын:

О, баба, аңыз болып кете жаздал,  
Қайтып келдің ортамызға отың маздал.  
Қасқиған кейіпіңен айналайын,  
Өзіңе деп жыр жазайын мен де аздап.

Ер Құлеке бетке ұстап батырлықты,  
Көрсем деп ед баласынан бүл қылышты.  
Бірақ белің бесіктен шықпай жатып,  
Сен білдірдің бейімділік – ақындықты.

Ақындығың шарлап кетті шартарапқа,  
Жыр арқауын тіредің ынтымаққа .  
Өнер, білім, талпыныс, ізеттілік –  
Деген назың ұран болды жас үрпаққа .

Көп ақынның бірі емес, жорға атандың,  
Үлгі болдың алдында талай жанның .  
Сол заманда айтып кеткен ән мен жырын,  
Этикасы сияқты бүл заманның.

Бізге аян суырып салма ақындығын,  
Әр сөзің бір- бір батпан, ойға мығым.  
Жақсылардың шарықтатып мәртебесін,  
Жамандардың сілкілеумен қақтың жынын.

Бізге аян болды өнегің сазгерліктен,  
Білеміз екі-үш әнді бізге жеткен.  
Тұрашылдық мінезің тағы болды  
Арамтамақ, күншілдерді іштен тепкен.

Өмір жолың, өнегең бізге мақтан,  
Әттең жетпей қалды ғой талай дастан.  
Аруағың шат болсын ескерткішке  
Ат салысып орнатқан кәрі-жастан.

*11 маусым 2008 жыл*

## ГҮЛСАРА ТӘТЕЙГЕ<sup>26</sup> 60 ЖЫЛ

Армысыз, асылымыз, тәтей Сара,  
Келіп қалдық Солтүстікten сәлем ала.  
«Той десе қу бас домалайды» – деген,  
Бұл мәтелдің бүгінгі күн орны дара.

Құтты болсын айтамыз тойыңызға,  
Сарқылмасын күш-қуат бойыңызда.  
Бала-шаға аман-сау боп жүре берсін,  
Тілектеспіз – орындалсын ойыңыз да.

Оңай өмір сүрген жоқсыз – бізге мәлім,  
Су кештіңіз, артта қалды небір жалын.  
Еңбегіңіз еш болмады, ел сыйлады,  
Көрі-жасқа дарыттыңыз дүниетаным.

Үйде-түзде күні-түні тыным таппай,  
Шаруашылық жүргіздіңіз кірпік қақпай.  
Бейнегіңіз зейнет боп әр балаңыз,  
Өз алдына шаңырақ құрды қолданап Құдай.

Енді міне келді уақыт дем алуға,  
Қиналамыз 60 деген ең тағуға.  
Дегенмен де ңемере-жиен ортасында  
Мама қаздай мамырлап жөн табуға.

Ендігі кез көргенің қызық болсын,  
Аспаныңыз ашық та, тымық болсын.  
Үлкенге ізет боларлық, кішіге – үлгі,  
Бойыңызға парасат ақыл қонсын.

Басыңызға бақ қонсын, бақыт қонсын,  
Өміріңіз баянды, ұзақ болсын.  
Тойларыңыз көп болсын, тойға ұлассын,  
Үйіңізге береке, ырыс толсын!

*19 ақпан 1994 жыл*

**РОЗА ҚАЖЫ<sup>27</sup>  
ЖЕҢГЕМІЗГЕ - 61**

О, жеңешем, құтты болсын мүшел – тойың,  
Аулақ болсын сырқаттан тұла бойың.  
Бейнет өмір бұдан былай зейнет болсын,  
Аман болсын Жомартың<sup>28</sup> – Ақыл-ойың!

О, жеңешем, бес мүшелге жас тіредің,  
Дегенменен таусылмасын жастық лебің.  
Аластасын бастан кешкен қыын сәттер,  
Аман болсын Болатың<sup>29</sup> – пәк жүргегің!

Мүшелден мүшел асып, жасай бергің,  
Бірақ та сыр бермесін ажар-реңің.  
Көргенің қуаныш пен қызық болсын,  
Аман болсын Асқар, Аяғөз<sup>30</sup> – қос бүйрекің!

Зергері болмасам да жыр құраудың,  
Мен пендесі емеспін сөз сұраудың.  
Сондықтан да жыр-шумақпен тілек айтам,  
Аман болсын Үсен, Фалия<sup>31</sup> – өкпе-бауырың!

Аман болсын келін-кешік, күйеу бала,  
Аман болсын туыс-туған, «жең мен жаға»!  
Жасай берсін құда-жегжат, нәмере-жиен,  
Төге берсін нұрын саған Аллаһ-тағала!

«Ұлың ұяда, қызың қияда» жеңешемсің,  
Оң мен солың таразыдай тепе-теңсің.

Сол ортада мама қаздай мамырлайсын,  
Деп тілейміз – мәңгі осылай бола берсін!

Біз білгелі бір өзінді қырық жыл бопты,  
Талай ызғар, талай ыстық мандай соқты.  
Мойымадың – бәріне де қарсы түрдін,  
Маздаттың шаңырақта жаққан отты.

Орекем «жүріп кетті» алыс жолға,  
Қалды саған алты бала, кемпір-шал да.  
Өз анаң, туған інің – бәрін дағы,  
Мұратына жеткізем деп алдың қолға.

Жеткізген сияқтысың бәрін дағы,  
Кем-кетіктің орны толды жанып бағы.  
Ер адамның қолынан келмес ерлік қылдың,  
Әйел заттың болып шықтың данышпаны.

Жайдары да биязы болдың әр кез,  
Салмақты да, ақылды, болмай кербез.  
Қабағыңды шытқаныңды көрген жоқпын,  
Байқамадық әпербақан, сынық мінез.

Соның бәрін мен бүгін паш етемін,  
Тойың тойға ұлассын! – тоқ етерім.  
Ал, халайық, ойна да құл, шырқа әнді...  
Аруағы разы болсын Орекемнің.

26 қазан 1997 жыл

## ӘКЕ-ШЕШЕМНІЦ АЛТЫН ТОЙЫ

Ассалаумағалейкүм, туыс-туған,  
Құда-жегжат, бала-шаға, көрші-қолаң.  
Дәм жазып бүгін тойға жиналыпсыз,  
Алтын тойдың иелері – Қойшан, Құлпән<sup>32</sup>!

Әркімдерге баянды өмір қолдан келмес,  
Біреулерге ғұмыр қысқа, тағдыр бермес.  
Сондықтан да барша қауым паш етейік,  
Атсалысып, қызықтап, бол тілекtes.

Той десе қу бас домалайды деген,  
Жағрапиямыз, әр ауылдан, мекемеден.  
Көрінсін деп ойлаймыз, бар ниет сол –  
Бүгінгі той тарих тойы денгейінен.

Уа, халайық, хош келдіңіз, той бастайық,  
Бос өткізу уақытты болмас лайық.  
Мәзір толы ақ дастархан алдыңызда,  
Ән айтып, би билейік, қызықтайық.

Ал енді атыңыздар шампандарды,  
Толтырыңыздар рюмка, фужер, бокалдарды.  
Алғашқы тост осы кештің айыпкері –  
Тыңдалық 50 жылдық ғашықтарды.

Өмір – тау:өркеш-өркеш шың-құздары,  
Жарқыраған құн нұрына көк мұздары.

Қос өркештің бірі Қойшан, бірі – Күлпән,  
Айналасы сегіз төбе – ұл-қыздары.

Өмір – дала:белес-белес адырлары,  
Жан-жағынан бұлдырайтын сағымдары.  
Қос адырдың бірі Қойшан, бірі – Күлпән,  
Жарты ғасыр түйіскелі тағдырлары.

Өмір – орман:емен, шырша, терек, қайың,  
Сусындаисың сағ ауамен кезген сайын.  
Қос бәйтерек:бірі – Қойшан, бірі – Күлпән,  
Тал-шыбықтар баяндайды ұрпақ жайын.

Өмір-өзен:бастау алар бұлақтардан,  
Бір жағасы жазық келер, бірі жардан.  
Қос үйенкі:бірі – Қойшан, бірі –Күлпән,  
Бала-шаға аумайды ғой көк талдардан.

Өмір – көл:тіршілікке арқау болған,  
Құс базары сайран салып, әнге толған.  
Ортасында қос акқу – Қойшан, Күлпән,  
Батыр жігіт, ару қыздай арман қуған.

*15 ақпан 1999 жыл*

## ОБЛЫСТА «НАУРЫЗ» МЕРЕКЕСІНДЕ АУДАНДЫ ТАНЫСТЫРУ

Ауылына Шал ақынның хош келдіңіз,  
Сіздерді қарсы алуға көніл теңіз.  
Ұлыстың ұлы құні құтты болсын,  
Үміт зор – Қыдыр келді деп білеміз.

Жері бай, елі де бай ауданымыз,  
Жігіттер бүл ауданда бәрі нығыз.  
Киелі даламыздан, орман, көлден,  
Ерлөр көп, бетке ұстайтын жұлдызымыз.

Ібыраев, Гончардайын<sup>33</sup> қос батырдан,  
Сүм фашист, соққы алып жан шақырған.  
Брагин, Шайкиндерің<sup>34</sup> Еңбек ері  
Тер төгіп, енбегімен даңқ асырған.

Ғылымның Евнәй-ағай<sup>35</sup> алған төрін,  
Мұқаш пән Аманжолдар доктор-серін.  
Ұлымыз Викторенко<sup>36</sup> талай мәрте  
Фарышқа барып қайтты, нәткен керім!

Сағдиев, Эүелбеков, Болатбаев<sup>37</sup>,  
Солармен өрледік қой қоғам байып.  
Жазушы, ақындар да ұлес қосып,  
Өсті ғой мәртебеміз таңғажайып.

Шал ақын бүкіл қазақ мақтанышы,  
Өнеге Кәкімбектің басқан ізі<sup>38</sup>.  
Нұртазин, Малдыбаев, Иманбаев,  
Жарасбай, Ермек, Герольд – жан тынысы.

Аз сөзбен көп мағына бердім сізге,  
Халайық, аздап көңіл бөлсөң бізге.  
Наурыз – той жылда келे берсін дағы,  
Отбасы аман болсын бәріңізде!

**22 наурыз 2000 жыл**

## ҚАЙРАНАСТЫҢ<sup>39</sup> ЖЫЛДЫҚ БАТАСЫНА

Кырық жылдай қатар самғап өскен достым,  
Отіп кеттің бұл фәниден, енді жоқсын...  
Ерте сөнді жүлдзызың – сол батады,  
Көкіректе шер болғалы бір жыл бопсын.

Әлі есімде «алтыншыға» келген кезін,  
Жирен бала қыз мінезді, іңкәр сезім.  
А мен Б-ның сыныптарын алға тартып,  
Қағушы едік фундаментал<sup>40</sup> делебесін.

Сол қалыппен бірге оқыдық институтта,  
Болса да көніліміз әр мамандықта.  
Қызметте де араласып ел намысын  
Арқаладық болып «кірпіш», болып «тұтқа».

Талай мәжіліс, талай тойда қатарласып,  
Жұбымызбен жүруші едік қалжындастып.  
Қабақ шытып көрмел едік біріміз де,  
Сол күндер кетті міне архив асып...

Сенбеймін – көзден ғайып болғаныңа,  
Сенбеймін – нар бәйтерек солғанына.  
Қайтейің, дәл сол кезде жарамадым,  
Ажалдан алып қалар қорғаныңа.

Маңдай жазған ғұмырың сол-ақ шығар,  
О дүние де жақсыларға болған құмар.

Ортамыздың сәні болып жүруші едін,  
Барған жерін жұмақтың да төрі болар.

Кете бардың мұратыңа жете алмай,  
Армандарың көп еді биік, шалғай.  
Тек енді бала-шағаң аман болсың,  
Жаңың жәннат, топырағың торқа болғай.

Азалы асыңа да уақыт келді,  
Жиналдық тарқатуға қайғы-шерді.  
«Адам басы алланың добы» деген  
 Тағдырдың бүйріғына көндік енді.

Қош, асыл дос, кесек тұлға – Қайранасым,  
 Білгейсің – сенің салған қайғың басым.  
 Эрқашанда жақсы қылыш, істерінді  
 Айтып жүрер мен сияқты бір жолдасың.

*Қаңтар 2001 жыл*

## ЕРКІН АСҚАРҰЛЫНА<sup>41</sup>

Уа, Ереке, құтты болсын 60 жасың,  
Бұл жаста ақыл толы болар басың.  
Бұрын дағы үлкен-кіші жән ҫураушы ед,  
Қыдыр қолдап домаласын өрге тасың!

Күні кеше көз алдында жігіт жасың,  
Енді міне ағарыпты самай шашың.  
Әткердің ауыл-өмір академиясын,  
Тасыта бер ақыл-кеңес дариясын...

Бір дуаннан бетке ұстар азаматсың,  
Сол қасиетпен әрқашан таңың атсын.  
Ел сыйлысы, мақтанышы – бәрі өзіңсің,  
Сол сенімдер жаныңды жарқыратсын.

Бізге аян сенің өткен өмір жолың,  
«Сегіз қырлы, бір сырлы» адам болдың.  
Жас құрылған мемлекетке депутат бол,  
Үкіметтің бағдарладың оң мен солын.

Жалпы сен туған жансың халық үшін,  
Көпшілікке арналған қайрат-күшің.  
Істеген қызметерің соған айғақ,  
Талайларға беріп жүрдің қолдың ұшын.

Өмір заны –abyрой, атақ жай келмейді,  
Жасаған жақсылығың және өлмейді.  
Жомарттық, қайырымдылық, парасаттық,  
Небір жақсы өнерің жан тербейді.

Сенің көркің бүгіндер бала-шаган,  
Қуаныш пән қызықты төксе саған.  
Бақытты да баянды өмір сұргін,  
Ең бастысы – қосағыңмен қоса агарсан.

Тойың тойға үлассын, жылда тойла,  
Ұзақ жаса тұрғанда қуат бойда.  
«Не тілесен – сол болсын» - деп тілейміз,  
Таупық берсін, арманыңа жетпей қойма.

Сен бүгін ел еркесі Ерекесің,  
Отбасының арттыра бер берекесін!  
Бизнесте табысты боп, көре бергін,  
Алланың маңдай жазған мерекесін!

*01. 04. 2007 ж.*

## ЖОМАРТ БАУЫРЫМНЫҢ<sup>42</sup> 50 ЖЫЛДЫҒЫНА

«Елу жылда ел жаңа» деген халқым,  
Бүл бір белес сараласақ сөздің парқын.  
Өмір дамып келе жатыр заныменен,  
Бүгіндер еліміз тоқ, заман жарқын.

Есімізде «халық жауы» ақталған жыл,  
Торсық шеке дүниеге келді бір ұл  
Мандайынан іскегендеге «шөберем» деп,  
Қабдолла бабасы да жанды бал-бүл

Мінекей сол ұлымыз Жомарт едің,  
Жайbaraқат, жақсы еді бала кезің.  
Кенеттен Орал ағам марқұм болып,  
Он жасында қажет болды есейгенің.

Алла – жар, шешең болды сүйенерің,  
Іні – қарындас, бәрі артты саған сенім.  
Нар түйенің жүтін сен арқаладың  
Көтере алмас анау-мынау жігіттерің.

Өрге тарттың қындықты мойындармай,  
Алматыға бет алдың жері шалғай.  
Сол заманға көш бастаушы өзің болдың,  
Сондағы алған біліміңнің дәмі балдай.

Фылымның да шыңына өрмеледің,  
Көрдің қызық ата-баба көрмегенін.

Пана тұтып кәрі-жасың ісі түссе,  
Әзірге жоқ қол ұшын бермегенің.

Әр жерде қызметтің төрін таптың,  
Абырой мен атақтың отын жақтың.  
Өнірімізде атқа міндердің бірі болып,  
Он бес жыл теңге жолын жарқыраттың.

Ағайын – жұрт бәрі разы, әулетіміз.  
Атыңа затың да сай, туған егіз  
Мерейтойың ұласа берсін әрі,  
Саған деген тілектер көп те семіз.

Ең бастысы баянды ғұмыр болсын,  
Қажырақым атаңнан жасың озсын!  
Көс перзентің көнелтіп қызықтарға,  
Құда-жегжат көбейіп орта толсын.

Бәтима да Гауһартастай жарың болсын,  
«Бай-бәйбіше» бол қатар жүру сәнің болсын!  
Шанырағында ырыс тасып, байлық асып,  
Эрқашанда арайлы таңың болсын!

15. 11. 2008 ж.

## ХАМИТ ДОСЫМНЫҢ<sup>43</sup> 60 ЖЫЛДЫҒЫНА

Күмістей жалтылдаған аппақ шашың,  
Куәсі боп тұрғандай 60 жастың.  
Құтты болсын асқаралы мерейтойың,  
Аллатагала оң қабакпен жарылқасың!

Туыс –туған, құда-жегжат, дос-жарандар,  
Құшақ толы тілегі бар келген жандар.  
Менің дағы үзенгілес адап досқа  
Тарту етсем өлеңімді, көнілім занғар.

Ұқсамайды өмір жолың жай сарынға,  
Қарсы тұра білдің сен хас жалынға.  
Сырлас-сыйлас болып жүрсің жақсылармен,  
Жамандарға балта шаптың түп-тамырға.

Оңай емес бұл заманда қыын-қыстау,  
Ер жігітке адамгершілік туын ұстау.  
Ашы-тұщы, ақ пен қара кезіккенде.  
Жоқ қой деймін басқан жерің жаңылыстау.

Салмақтылық, сабырлылық – ақылменен,  
Биязылық, інкәр сезім – ақынменен.  
Абырой-бедел, жүрген орта – жақынменен,  
Малсақ болып, ат құмарту – тақымменен.

Осы аталған қасиеттер бір басында,  
Күні-түні қолдау беріп жүр қасында.

Алпысында алған бағаң тоқсан асып,  
Үлгі болғын құрдасыңа, сырласыңа.

Болар бала тәрбиелі үядан ұшар,  
Мектептен ғибратланып білім құшар.  
Институтта мамандыққа алған дәріс  
Жақсы адамнан демеу алса іске үқсар.

Соның бәрі бір басыңа бүйірыпты,  
Сол үш бұлақ бір арнаға құйылыпты.  
Қарындасымыз Бақыт та кездесіп қап,  
Кайфы-қасірет ғашықтықтың тыйылыпты.

Содан бері өтіп жатыр, талай жылдар,  
Артта қалды талай аптап, талай ызғар.  
Қызметте де төр жақтан орын тептің,  
Куанышқа көнелтуде үл мен қыздар.

Хама, дәнің сау болып, ғұмыр берсін,  
Армандарың орындалып, шаттық келсін!  
«Қара сақал» дәрежен баянды боп,  
Немере, шәбере, артындан жиендер ерсін.

10. 01. 2009 ж.

## ӨМІРЗАҚТЫН<sup>44</sup> 60 ЖЫЛДЫҒЫНА

Өмеке Сейітқазыұлы Молдахметіп  
60 деген асқар шыңға келдің жетіп.  
Кеше ғана іңгәлаған сәби едің,  
Бірде тұрып, бірде құлап, қалт-құлт етіп.

Уақыт жүйрік жете алмайсың тұлпармен,  
Балдәуренді өзіңмен бір өткізген ем.  
Әлі есімде мәткедоп пен боктаяқты,  
Күніміз болмаушы еді қалт жіберген.

Уақыт жетпей қалатын тамаққа да,  
Дойбы, шахмат, арасында атып сақа.  
Городки де ойнаушы едік ертелі-кеш,  
Саршұнақ ұстап жүруші едік, теріп бақа.

Бозбалалық кез келді жігітсымак,  
Қыздарға көз тастаушы ек үрланқырап.  
Одан әрі есейіп үй болам деп,  
Әрқилы жолға түстік түрмис құрмақ.

Үй салып, ағаш егіп, бала өсіру –  
Мақсат болды қызық көріп өмір сүру.  
Қоғамға да қызмет жасап абыраймен,  
Тен-құрбының қасында қатар тұру.

Мінекей, соның бәрі бір бойында,  
Паш етіп айту керек бұл тойында.

Немере-жиен балапандай үпір-шүпір  
Көбейіп кіре берсін іш-қойынға.

Фұмырың экваторға жаңа жетті,  
Күн зенитте – өміріңе талтұс кепті.  
Жаздың жалпақ ең ұзақ күндеріндегі  
Ымыртың таңсәріге жетсе нәтті.

Үміттекен құрбым да аман болсын,  
Әрқашанда ақыл қосар данаң болсын.  
Немерелер «соғысқа» шақыра қалса,  
Бес қаруың сайма-сай, шамаң болсын.

Бесінші мүшеліңе аяқ бастың,  
Бұл жылдың аман өтіп әрі ассын.  
Құдайдың бергеніне тәубе айтып,  
Ақылшысы бола бер көрі-жастың.

Тілеген бар тілегің қабыл болсын,  
Достармен, туыстармен ортаң толсын.  
Жағың түспей жамандық көрмегейсің,  
Тойың тойға ұласып, бақыт қонсын!

*09. 04. 2009 ж.*

## МАРАТТЫҢ<sup>45</sup> 60 ЖЫЛДЫҒЫНА

Құлыштайдай бірге өткізген бала кезді,  
Достарым көп жаны жарқын, қыз мінезді.  
Солардың арасынан Марат досым,  
Атқарып отыр бүгін той-съезді.

Бірге атгадық мектептің баспалдағын,  
Білімнің тоя жедік май-қаймағын.  
Сол дәрістің арқасы шығар деймін –  
Бір кісідегі ұғыныппыз өмір занын.

Отырушы ек ұстай алмай қаламсапты,  
Сәден<sup>46</sup> марқұм төрт жылдай жөнге сапты.  
Әйтеуір бір арнаға түскенен соң,  
Мақсат құрдық адам болу парасатты.

Одан әрі әр мұғалім болды қожа,  
Пәндер кетті бірі қалып, бірі оза.  
Көкпардың серкесіндегі дал-дүл болдық,  
Киқуласа жан-жақтан қызып дода.

Фазез, Шалбай, Зура қойса «семіз бесті»,  
Гуманитарлар «бұлар сөзге сараң» десті.  
Уфит-суфит он жылымыз он күндей бол,  
Откіздік мектеппенен соңғы кешті.

Өмірдің бір белесін артқа тастап,  
Жан-жағымыздан мамандық іздей бастап,

Аттандық аттестатты бетке ұстап –  
Қандай ғылым қарсы алып, есік ашпақ?

Бұл істе де жолымыз оңға басып,  
Диплом алып, елге келдік қатарласып.  
Қызмет жасап жүргенде үйлендік те,  
Келіп қалды бала сүю қабаттасып.

Сөйтіп жүріп, мінекей, ата боппыз,  
Өрісіміз кеңейген, бүгін көппіз.  
Ауырмайтын жеріміз жоқ, мотор жаман,  
Бет жүзіміз айбақ-сайбақ петикантроппыз.

Әйткенмен де тәубешілік, артта алпыс,  
Оны қазақ айтады – әлі талтұс.  
Бойынды күтіп ұстап, сақтана жүр –  
Сол уақытта мен қосайын тағы алпыс.

Қадірлі, Мәке – досым, құтты болсын.  
Аскаралы алпысың, орта толсын.  
Дүниеде не тілесен – соны берсің,  
Бармақтай ғып бақ беріп, ырыс қонсын!

15. 08. 2010 ж.

## БІРЛЕСТИҢ<sup>47</sup> 60 ЖЫЛДЫҒЫНА

Армысың, асыл досым, Бірлестігім,  
Куанышыңа ортақтасып келіп тұрмын.  
Асқаралы 60 жасың құтты болып,  
Ұзак ғұмыр, баянды өмір сүргін!

Басталған әкелерден достық дарып,  
Біз де жүрміз сол достықты бөліп-жарып.  
Өзіңе деген көніл ұшан-теңіз,  
Жеттім міне жыр-шумақтан сыйлық алып.

Білетінмін мен сені бала жастан,  
Қылықтарың тізе берсе, ол бір дастан.  
Атаң емес, адамның баласы боп,  
Сол мақсатпен дүниеге есік ашқан.

Жігіт болдың нұр жауып талабыңа,  
Мәлім болдың аудан, облыс алабына.  
Институтта оқып жүріп өнеріңмен  
Тәнті еттің қазақты одақ ғаламына.

Сен паш еттің Абайдың «Қаламқасын»,  
«Япурайдай» Мағжанның лирикасын.  
Ақан, Біржан, Үбырайдың әнін салсан,  
Тыңдармандар отырушы ед шұлғып басын.

Сен жаңғырттың Мақтымқұлы термелерін,  
Кәкімбек пен Дәнештің жыр өрнегін.

Дүйім қауым сүйсініп ұюшы еді,  
Шырқатқанда Ахметжанның «Наролғенін».

Күйлер де күмбірледі домбыраңнан,  
Құрбың да көп бұл өнерде дәріс алған.  
Бұрынғының сал-серісі болмасаң да,  
Спорттан да емес едің құр-алақан.

Қызметтің де әр жерде төрін алдың,  
Ескермедин қажеттігін дүние-малдың.  
Бүгін бірақ уақыт өзі жол көрсетіп,  
Әр балаңа отау тігіп, ұя салдың.

Енді міне, қара сақал ата болдың,  
Бала-шаға, дос-жаранмен ортаң толсын.  
«Алпыс әлі тал тұс» деген бір ұфым бар,  
Сондықтан да болмасын көнілің солғын.

Тілегім сол – мықты болсын дәнсаулығың,  
Қатар жұрсін Ұлжандайын ақ жаулығың.  
Бұдан да абыройың арта берсін,  
Тойың тойға ұлассын, жылға жылың!

*15. 12. 2010 ж.*

## ТАЛҒАТ МАРҚҰМНЫҢ<sup>48</sup> ЖЫЛЫНА

Деген бар – жұмақ жақсы о дүниеде,  
Бірақ бір күн артық-ау бұ дүниеде.  
Бес мүшелге жетер-жетпес кете бардың,  
Қайғы қалды көтерер тек нар түйеге.

Жыл өтті бақылыққа бет бүрғалы,  
Қандай ажал саған ерте қол бұлғады?!  
Сағынышпен еске алады дос-жаарандар,  
Басылмапты туыстардың қайғы-зары...

Бірге аттап ек мектептің баспалдағын,  
Ілгері өрлең, араладық білім бағын.  
Сен ұстасаң бетке алып сөз сабағын,  
Мен ұстанған болатынмын ой сабағын.

Сен болдың белді мүше учкомда,  
Мен де болдым белсенді комскомда.  
Мен мектепті қорғасам конъки мініп,  
Сен де намыс қорғадың баскетболда.

Әртіс болдық мектептің сахнасында,  
Одан бетер теледидар арнасында.  
Бізден басқа тағы да үш-төрт жігіт,  
Күмбірлөттік қазақтың домбырасын да.

Әлі есте тоғыз-онның балалары  
Мектептің делянасын аралады.

Екеуміздің қымылымызды мұғалімдер,  
Бес-алты пар жігіттерге бағалады.

Совхозда ШК<sup>49</sup> айдаушы ек қажымастан,  
Одан кейін топтальщик боп силос басқан.  
Саған қарап мен дағы шалғы тартқам,  
Сен жұмысқа обжар едің әуелбастан.

Егіз қозы боп жүруші ек бұл жалғанда,  
Бір-екі рет құтылғанбыз ажалдан да.  
Екі үйден қою шайға тойып алып,  
Сырласумен тараушы едік таң атқанда.

Нархозға түспек оймен келіп едін,  
Ол жақта бірақ бір күн түнедін.  
Екі ай бойы тар төсекте бірге жаттық,  
Мен не жесем, сен соны бірге жедін.

Қанша тентек болсаң да сөзге тоқтап,  
Қашан болсын қарсы алушы ең қалбақтап.  
Не шара бар? Топырағың торқа болсын!  
Басыңа барып журміз сені жоқтап.

*3 қараша 2011 жыл*

## НҰРТАЗИН ҚАЙРАТТЫҢ<sup>50</sup> 63 ЖЫЛДЫҒЫНА

Бала кезден білуші ем,  
Лидер болып жүруші ең.  
Ойыннан бір шаршамай  
Бейнөтсіз өмір сұруші ең.  
Әр нәрсеге мәз болып,  
Рахаттанып күлуші ең.  
Көрген-білген сәттерден  
Әңгіме-дүкен құрушы ең.  
Ата-анаға, туысқа  
Еркелікті қылушы ең.  
Бірақ та адам болам деп  
Жақсыға жақын тұрушы ең...

Содан бері, дос-құрбым,  
60 жылың артында.  
Өзгермепсің ешқандай,  
Қылығың сол қалпында.  
Бойым өспей қалды деп,  
Ұялшақтап тартынба.  
Ой-өрісің қеңейген,  
Адамгершілік затында.  
Енді ғана қазақ бол,  
Бұрылдың ата салтына.  
Осы беттен айнымай,  
Жарқылда, Қайрат, жарқылда!

Келдің міне 63  
Пайғамбардың жасына.

Жігіттік алыстады деп,  
Жыламсырап жасыма.  
Денсаулық болса әлі де  
Үқсарсың сайдың тасына.  
Қызықтап әлі шығарсың  
Талай таудың басына.  
Жан-жарына еркелеп,  
Мойнына берме асыла.  
Балалардан ұят болар,  
Жай ғана отыр қасында.

Зымырап жатқан бұл уақыт  
Өзінікін алады.  
Сипай берсең басынды,  
Шашың түсіп қалады.  
Сұлуларға қарасаң,  
Көздің майы жанады.  
Бірақ лезде артынан  
Парлап жасың ағады.  
Женіл шықсан далаға  
Суық тиіп қалады.  
Жылдан-жылға иммұна  
Шамаланып барады.

Сондықтан да айтарым –  
Күте білгін өзінді.  
Сабырлы бол, салмақты,  
Арттыра көр төзімді.  
Балаларға арнағын  
Ұлағатты сөзінді.  
Әр нәрсеге сұқтанба

Жаудыратып көзінді.  
Жаздай жайнап жүре бер,  
Жақыннатпа күзінді.  
Сергек ұста бойынды  
Жарқыратып жүзінді.

Көп сөз – бос сөз, тілегім  
Куат берсін бойыңа.  
Достық шарж, арнау сөз  
Шоғырланды ойыма.  
Дос-жарандар жиылып,  
Келе берсін тойыңа.  
Арамзалар алыстап,  
Кетсін мәңгі жойыла.  
Қайталанып 25  
Орала берсін ойыңа.  
Қосағынмен қоса ағар,  
63-ке мойыма!

3. 12. 2012 ж.

## **М. АХМЕТБЕКОВ АТЫНДАҒЫ МЕКТЕПТИҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА**

Білімнің кәусәрінен сусындарқан,  
Көкіректің жалындарып отын жаққан.  
Армысын, қарт мектебім 80 асқан,  
Өзінізді жүреміз біз етіп мақтан.

Жиырма бес жылдығында есік аштым,  
Томағасы киілді он бір бастың.  
Он жыл дәріс алған соң тәуекел деп,  
Отыз бесінші түлек болып қанат қақтым.

Ерке болып өсіп едік жайбарақат,  
Ойлаптыз ба оқушылар сапқа тұрад.  
Білгеніміз – Шияп ағай директор да,  
Сәден ағай төрт жыл бойы бізді оқытад.

Араладық білімнің ну орманын,  
Сонда білдік маңдайға бақ қонғанын.  
Облыс түгіл республика көлемінде  
Биік екен қасиеті бүл орданын.

Мерейі үстем болды үстаздардың,  
Өнегесі бола білді үят пән ардың.  
Тек қана сабак беріп шектелмей-ақ,  
Әмірдің үйретті ғой қыр-сырларын.

Содан болар талай дарын шәкірт шықты,  
Бетке үстап парасат пән адамдықты.

Академик, жазушы-ақын, генералдар,  
Қоғамдық қайраткерлөр кілең мықты.

Ұстаз-шәкірт тандемы болып дәстүр,  
Дами берсе әрі қарай ол бір бақ-нұр.  
Халық үшін, ел үшін еңбектенер  
Артымызда лек-легімен талай жас тұр.

Сол міндеттер мектепке жүктеледі,  
Сондағана ұстаз қауым мәртебелі.  
Сондықтан да навигация сәтті болып,  
Жүзе берсін әрбір пәннің кемелері.

Демекпіз біз құтты болсын мерейтойың,  
Бұдан биік арта берсінabyroyың!  
Ұстаздардың маңдай тери зая кетпей,  
Шәкірттердің шындағы берсін ұшқыр ойын.  
Әрқашанда шаттықлен, қуанышпен  
Ұласа берсін әрі тойға тойың!

*21 қараша 2012 жыл*

**ЭНДЕР**

## ТУФАН ӨЛКЕ

Эндете

Ту - фан - өл - ке      ыс - тык - сың      қы - зық - ты сың

қек - іл - ге күй      жар - қын жаз

Ал - т(ы)ай - қы - сың      Та - лай өл      та - лай жер ді

шар - ла - сам да      өл --- ке жоқ

се - нен ар - тық бір мен ү - шін

Қайырмасы

Кек о рай бай тақ же рім ке рік ті ту

16




тан е лім бау ра йың да ас ты фың



бе ре кең ғой ол се нің бе ре кең ғой

22



нің

Тұған өлкө ыстықсың, қызықтысың,  
Көңілге күй жарқын жаз, алты ай қысың.  
Талай ел, талай жерді шарласам да,  
Өлкө жоқ сенен артық бір мен үшін.

*Қайырмасы:*

Көкорай байтақ жерім,  
Көрікті туған елім.  
Баурайында астығың  
Берекең ғой ол сенің.

Сән бергөн табиғатқа сансыз қайың,  
Жайқалған көк кілемдей ну тоғайың.  
Шалғайдан сағынышпен келгөнімде  
Көркіңе көзім тоймас көргөн сайын.

*Қайырмасы:*

Орман, тоғай, кең далам,  
Көк кілемдей жайқалған.  
Сенен артық табиғат  
Бар деп тіпті айта алман.

Дария боп Есілім де жатыр ағып,  
Ағады әсем құлқі, әнге салып.  
Күн шыжып, нұр сәулесін төккөн кезде,  
Шомылып жатушы едік рахаттанып.

*Қайырмасы:*

Күміс сулы, Есілім,  
Ұмытылмас есімің.  
Толқыныңда жасымнан  
Тербетілген бесігім.  
Көркейе бер, Есілім!

## ӘКЕМЕ

Ортаса, тебіренте

Асқар тауым жан ә-кем  
кен да-ри-ям бе-ре-  
кем құт-ты болсын е-лу жыл  
ұ-лы жең-іс ме-ре-кен

Асқар тауым – жан әкем,  
Кен дариям, берекем.  
Құтты болсын елу жыл  
Ұлы Женіс мерекен!

Жер қайысып жау жетті,  
Ел қорғауға ер кетті.  
Сен де қарсы аттандың,  
Тойтаруға жәндettі.

Сүм фашистпен алыстың,  
Ажал-окпен қағыстың.  
Жауды женіп, дәм жазып,  
Тұған елмен табыстың.

Көркейтуге тұрмысты,  
Бүкіл халық кірісті.  
Абыроймен атқардың.  
Көппен бірге бұл істі.

Бейнегі көп тағдырдың,  
Бәрін артқа қалдырғын.  
Көргенің әнді рахат боп,  
Бақыт отын жандырғын.

Өссін жетсін балалар,  
Сая болғын паналар.  
Жан серігің аман боп,  
Қосағынмен қоса ағар!

Әзірге қолдан келгені,  
Жыр-шумақтар өрнегі.  
Ұмытпайды борышың,  
Кашықта жүрген тентегің

*8 мамыр 1995 жыл*

# AHAMA

Ойлы, сезіммен

е-ре-сек те ба-ла-да

бас и-е-ді а-на-ға

а-на-де-се кү-ді-рет күш

құй-ы-ла-ды са-на-ға ол өйт-ке-ні

ყ-лы а-дам жа-рық күн-ді

сый-ла-ған мей-ір-лен-іп қа-ра-са

жай-наң қе-тер бар ға-lam

Ересек те, бала да,  
Бас иеді анаға.  
Ана десе құдірет күш,  
Құйылады санаға.

*Қайырмасы:*  
Ол өйткені Ұлы адам –  
Жарық күнді сыйлаған.  
Мейірлекіп қараса,  
Жайнау кетер бар ғалам.

Анаға деп ән толқиды,  
Анаға деп күй шалқиды.  
Ақын – жыршы, суреткер.  
Арнау жазар қылыш-қылыш.

Батыр, балуаң, ғалым да,  
Фарышкерің, ханың да.  
Кошеметін аяmas,  
Ана деген қауымға.

Сана берген ойыма,  
Дарын берген бойыма.  
Мен анамды ардақтап,  
Жыр шашамын тойына.

*27 маусым 2010 жыл*

# ТУФАН КҮН

Вальс екпінімен



Сал - та - на т - ты      то - йы -      на      кел-дік бү - гін



Күт - ты      бол - сын      күр -      бы - жан



Ту - фан      кү -      нің      ті - лей - міз      ба-қып-ты      да



ба - ян      ды-е - мір      мәң-гі      шыр - қар



ба -      ғың -      да      бүл - бүл      ү -      нің      қар -      кем

38



бей - не сө - зі наз бар - қыт

38



мі - неэ жар - қын жаз а - яу-лы құр - бы



раз - кен - ді Эн - ге қо - сып

47



шыр - қа - сақ тол - қын-дай - ды э - сем



саз тол - қын-дай - ды э - сем саз

Салтанатты тойыңа келдік бүгін,  
Құтты болсын, құрбыжан, тұған құнің!  
Тілейміз бақытты да баянды өмір,  
Мәңгі шырқар бағында бұлбұл үнін.

*Қайырмасы:*  
Көркем бейнө, сөзі наз,  
Барқыт мінез – жарқын жаз.  
Аяулы құрбы Рәзкенді  
Әнге қосып шырқасақ,  
Толқындайды әсем саз.

Әрқашан жеңілдікпен жолың болсын,  
Жаны жақсы адамдармен ортаң толсын.  
Жамандар теріс пиғыл аулақ жүріп,  
Тамыры жапырақпен бірге солсын.

Әрқашан да жұлдызың жарқырасын,  
«Бағың жансың, өрге тасың домаласын».  
Ақылды, парасатты, абзал жан бол,  
Денің сау боп, берсін саған Жамбыл жасын.

## ЖҮРЕК НАЗЫ

Орташа



Үк- па - дын мен - де кан - дай



жу - рек ба - рын соны ой - лап эс - те тын - бай




кай - ты - ра - мын ка - шан - ты кү - нім түн боп




ең - пек ме - нің ой - ла - шы



со - ны бір сэт га - шық жа - рым А —————



ои - ла - шы со - ны бір сэт



га - шық жа - рым


Ұқпадың менде қандай жүрек барын,  
Соны ойлап әсте тынбай қайғырамын.  
Қашанғы күнім тұн боп өтпек мәнің,  
Ойлашы, соны бір сәт, ғашық-жарым.

Сен емес пе ең аңсаған асыл арман,  
Сен емес пе ең көңілімді етер дархан?  
Дүниенің бар қызығы бір өзінде,  
Сенсің ғой байлығым – асыл маржан!

Сен күлсөң, күн күлді деп түсініемін,  
Болсаши мәңгі солай ақ тілегім.  
Көргенде нұр жүзінді бойды билеп,  
Жүректе шымырлайды асқақ сезім.

## АЯУЛЬЫМ

Теңірек



Ке-ні-лім құс боп жүр-ген-де




ұ-шып ко- нып шай- қал- ды ғой се- зім- ім



да- уып со- ғып жа- на-рын-мен жалт е- тіп



жү- ре- гім- нін



ер- кін би- леп ә- кет- тің




ар- ман бо-лып а- яу- лым А- яу- лым деп ән сал- дым



жыр-ға қо-сып жар сал- дым



бар ті- ле- гім ө- зін- сін бір ө- зін- ді ан- са- дым



а- яу- лым

Көңілім құс боп жүргенде ұшып-қонып,  
Шайқалды ғой сезімім дауыл соғып.  
Жанарыңмен жалт етіп жүрегімнің  
Еркін билеп әкеттің, арман болып, Аяулым!

*Қайырмасы:*

Аяулым деп ән салдым,  
Жырға қосып жар салдым.  
Бар тілегім – өзіңсің,  
Бір өзінді аңсадым, Аяулым!

Көзін аштың лайланған бұлағымның,  
Қанатына су септің қиялымның.  
Ерте айтсам сырымды кешіргейсің,  
Жүрегімнің қалауы – сенсің жаным, Аяулым!

Өзіңе деп арнадым осы әнімді,  
Нұрландырысын шырақтай жан-жағынды.  
Келші, сәулем, аяулым, қарындасым,  
Саған ғана ашамын құшағымды, Аяулым!

## ЖҰЛДЫЗЫМ

Вальс екпінмен

Ең - ал - гаш көр - ген - иен жү - зің - ді  
көк - тем тып жі - бер - дін кү - зім - ді

еш тен - еу тап - па - дым е - зің - е  
эй - теу - ір ко - ні - лім бү - зыл - ды

кү - лім - де - ген күн - бі - сің  
бар жул - дыз - дан е - рек - ше

ай сәу - ле - лі нүр - мы - сын? сол жул - дыз - да  
жы - мын ка - гыш түр - мы - сын?

се - нің а - тың за - ты да се - нің за -



Ең алғаш көргеннең жүзінді,  
 Қектем ғып жібердің күзімді.  
 Еш теңеу таппадым өзіне,  
 Әйтеуір көңілім бұзылды.

*Қайырмасы:*  
 Құлімдеген күнбісің?  
 Ай сәулелі нұрмысың?  
 Бар жұлдыздан ерекше  
 Жымың қағып тұрмысың?  
 Сол жұлдызда сенің атын,  
 Заты да сенің затын.

Мүмкін сен найзағай оғысың,  
 Әлде бір мартеннің шоғысың.  
 Әйтеуір жанымды тебіренттің,  
 Өзгерттің жүректің соғысын.

Інкәрлік сеземін бойыңнан,  
 Еш уақыт кетпейсің ойымнан.  
 Әйтеуір кездесе қалғанда,  
 Ішімде орнайды той-думан.

## ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР:

1,2,3 - Баязиев Құрмаш, Базарбаева Қағида, Қонарбаев Ермек-қазак әдебиетінен сабак берген ұстаздарымыз, республика қолемінде лауазымдары өте жоғары болған.

4 - Рәзия Туишева деген бір қарындасымызben жоғары партия мектебінде бірге оқыған-быз, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданынаң, қазір марқұм болған.

5 - ЖПМ-Жоғары партия мектебі

6,7,8,9,10 - Ұзақбай, Көшкенбай, Қинаят, Аманғали, Нұрбек (қырғыз) - ЖПМ-дегі груп-палас достар

11 - Руслан, Сайран, Уәлихан-бір үйде тұрған көршілөр, олар тек бірінші подъезде (мен екінші подъезде) екінші қабатта тұрды

12 - Нариман-Уәлиханның, Темірлан Русланның баласы, Сәуле-Сайранның жолдасы

13 - Сайран мен Русланның ол кезде қырықтарда, Уәлиханның жасы кейінірек болды

14 - Руслан-аудандық партия комитетінде нұсқаушы

15 - Сайран-Мемлекеттік сақтандыру бас-шысы

16 - Уәлихан-хирург

17 - «Коммунизм» деген сөз ол кезде ең жоғары үғым, өлең 1985 жылы жоғары партия мектебінде оқып жүргөнімде сағыныштан жазылған

18 - Илан-ЖПМ-дегі құрбым, құрдастық әзілдің шебері еді

19 - Жасұлан екеуіміз бала кезден көрші болдық, бірге ойнадық, кейде екі үйдің ортасындағы тау қарға таласатынбыз, бірінші сыныпты бір партадан бастадық 2000 жылы 28 қантарда «Солтүстік Қазақстан» облыстық газетінде «Досыма хат» деген эссе жариялады, өткен-кеткеннің біразын баяндай келіп, маған өлеңмен жауап бер – деп наз айттыпты. Бұл өлең соған жауап ретінде шыққан, бірақ әртүрлі себептермен газеттен орын таппады.

20-21 - Алма, Айгүл, Әмина, Болатнай(Болат)-көрші балалар

22,23,24,25 - Жахин Фазез, Ұсмағұлов Шалбай, Оразалина Зура, Әбілмажинов Фазез – бұл үстаздарымыз да республикаға танымал болғанын барша жұрт біледі.

26 - Гүлсара Хамзаевна-Алматы жақта өмір сүріп өткен Жәлел-нағашымның жұбайы

27 - Кәрімжанова Роза-жеміз қажылық парызын өтеген, жолдасы – Орал ағамыз ерте дүние салды. Сол уақытта үлкен ұлы Жомарт 10 жаста ғана, тіршіліктің тауқыметін шешесімен бірге көрді, бұл күндері облысымыздың зиялды азаматтарының бірі, республика көлемінен әйгілі басшы

29 - Болат екінші баласы, мектеп бітіргендіше нағашы әжесінің қолында өсті, қызметкер

30 - Асқар, Аягөз-егіз туған, екеуі де қызметкер

31 - Үсөнкіші ұлы, шаруашылық қожалығын басқарады. Фалия-көпей қызы, қызметкер

32 - әкем-Қойшыбай, шешем-Күлпәш, ата-аналары еркелетіп Қойшан, Күлпән дейтін

33 - Ыңқақ Ыбыраев, Павел Гончар-Совет Одағының батырлары

34 - Брагин, Шайкин-Социалистік Еңбек Ерлери

35 - Евнөй Бекетов, Мұқаш Елеусізов, Аманжол Қошанов-ғылым тарландары

36 - Александр Викторенко-косманавт, 4 мәрте ғарышқа барып қайтқан

37 - Сағдиев, Әүелбеков, Болатбаев-мемлекет қайраткерлері

38 - Шал ақын, Кәкімбек Салықов, Ахметжан Нұртазин, Фалым Малдыбаев, Зейнел-Ғаби Иманбаев, Жарасбай Нұрқанов, Ермек Қонарбаев, Герольд Бельгер-әдебиет майталмандары

39 - Қайранас Сейдахметов, мектепті бірге бітірген, ауылшаруашылық институтында қатар оқыған, бертін, әржақты қызметте жүргенде де кездесуге жағдай жасап, бірімізге-біріміз тілекшіл болып, сырымызды бөлісетін ададосым еді.

40 - фундаментал – математика, физика, химия, т. т. пәндері

41 - Еркін Асқарұлы Садуақасов, ел қамын жеген сыйлы азамат, Қазақстан егемендікке қол жеткізген жылдары Жоғарғы Советке алғашқы депутат болған.

42 - Жомарт Оралұлы Қажырақым нәмесі, қызметтің төрінде ғана жүріп қоймай, әркімдерге қол ұшын беруге де жомарт, әулетіміздің бетке ұстар азаматы.

43 - Хамит Найманов көнілдес дос, қызметте үзенгі жолдас, ауданымыздың беделді азаматтарының бірі.

44 - Өмірзақ Сейдахметов – бала кезден көршілес болған, ойынның майын шығарушы едік.

45 – Марат Нұрқанов, он жыл бірге оқыған, сырлас досым.

46 – Сәден Байбатыров, бастауыш сыныптарда сабак берген ұлағатты ұстаз еді.

47 – Бірлес Бимақанов, бала кезден таныс болдық, артынан ауылшаруашылық институтының халық аспаптар оркестерінде белді мүше болып қатар жүрдік, бертін де араласып, сыйласып жүрген достармыз.

48 – Талғат Абилов, он жыл бойы бірге оқыған ортамыздағы тентегіміз еді, бірақ менің бір сөзімді жерге тастаған емес, мен де оған солай болдым.

49 – ШК – шөп шабатын агрегат (машина)

50 – Қайрат Нұртазин, бала кезден таныс бол өстік, ауылшаруашылық институтында жерлес болып араласып тұрдық, кейіннен облыс орталығында қызметте жүргендеге екі үйдің бірі болып, достығымыз жараса берді.

## **МАЗМҰНЫ**

3. Әкімжанов. Жырлары жан сырына қанықтырган ....	5
Д. Баймұқанов. Самат өлеңдеріне деген көзқарас .....	8
Ж. Қажырахымов. Інілік наз .....	10
С. Фабдуллин. Алғы сөз .....	14

### **Адамгершілік постулаттары**

Көреалмаушылық .....	18
Жалқаулық.....	19
Өнеге алу .....	20
Жәдігөйлік.....	21
Көрсекізарлық .....	22
Мақтаншақтық .....	23
Залымдық .....	24
Идеал адам.....	26
Жігерсіздік.....	27
Бір құрбыма.....	28
Білімсіздік.....	30
Қызғаншақтық.....	31
Бақталастық .....	33
Сабырсызыңық .....	35
Тіл туралы толғау .....	37
 <b>Жыр жаршысы – махаббат .....</b>	<b>39-118</b>

### **Арнаулар, құттықтаулар**

Көрші достарға .....	120
Илан құрдасыма (достық шарж) .....	122

Жасұлан досыма (жауап хат) .....	124
Шал ақынға ескерткіш (аудан орталығында) .....	133
Шал ақынға ескерткіш (Қаратал ауылында) .....	136
Ардақты ағайын-бауырлар, құрметті халайық! .....	136
Гүлсара тәтейге 60 жыл .....	142
Роза қажы женгемізге - 61 .....	144
Әке-шешемнің алтын тойы .....	146
Облыста «Наурыз» мерекесінде	
ауданды таныстыру .....	148
Кайранастың жылдық батасына .....	150
Еркін Асқарұлына .....	152
Жомарт бауырымның 50 жылдығына .....	154
Хамит досымның 60 жылдығына .....	156
Өмірзактың 60 жылдығына .....	158
Мараттың 60 жылдығына .....	160
Бірлестің 60 жылдығына .....	162
Талғат марқұмның жылына .....	164
Нұртазин Қайраттың 63 жылдығына .....	166
М. Ахметбеков атындағы мектептің 80 жылдығына	169

## Әндер

Тұған өлкे .....	172
Әкеме .....	175
Анама .....	177
Тұған күн .....	179
Жүрек назы .....	182
Аяулым .....	184
Жұлдызым .....	186
<i>Түсініктемелер .....</i>	
<i>Түсініктемелер .....</i>	188

С. Қ. ФАБДУЛЛИН

**АШЫЛҒАНДА  
ЖЫР-САНДЫҚ...**

Дизайн обложки и верстка: Е. Горковенко  
Корректор: К. Шаяхметова

Сдано в набор 29. 05. 2013 г.  
Тираж 250 экз.

ТОО «Издательство  
«Северный Казахстан»  
150001, г. Петропавловск.  
ул Кошукова, 5.

